



Қызылорда облыстық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!



Мағжан



№5 (542)
1 ақпан,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

ЕРТЕҢ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ КҮНІ



«Қазақ» газетінің тұңғыш саны жарық көрген күн Ұлттық баспалық күні болып белгіленген. Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мәлімдеген еді. Биыл атаулы күн алғаш рет аталып өтілмек.

Негізі Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары негізін қалаған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі осыдан 111 жыл бұрын, 2 ақпан күні жарық көргені белгілі. Алаш ардақттарының қолтаңбасы қалған газет ұлттық ренессанстың қайнар көзіне айналып, халқымыздың ақыл-ойын, сана-сезімін бөлек арнаға бұрды.

Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен еді. Енді міне, журналистер қауымы үшін тағы бір атаулы күн алғаш рет тойланғалы отыр.

Баспасөз саласында еселеі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша әріптестерімізді ұлттық баспасөз күнімен құттықтаймыз!



ӘСКЕРИ ӘЛЕУЕТ — АЙБЫНДЫ КҮШТІҢ АЙНАСЫ

Әскери сала – ел қуатын көрсететін негіз. Бүгінгі геосаяси ахуалдың шиеленісі қорғанысты күшейту керектігін қаперге салды. Бұл жағынан әлем елдері ерте қамданған. Ал біздегі техникалық база тізе батырғанды тізе бүктіре ала ма? Әскеріміздің әлеуеті қандай? Global Firepower-2024 рейтингінде Қазақстан 145 мемлекеттің ішінде 58-орынға орнықты. Әрине бұл өткен жылға қарағанда жақсы көрсеткіш. Десе де әскери сарапшы қорғаныс бюджеті елдің жалпы ішкі өнімінің 1 пайызына жетпегенін айтады. Ендеше әскери саладағы мән-жайды талдап көрейік.

2-бетте

Қазір әлеуметтік мәселеге назар аударудың ұнамсыз үрдісі қалыптасқандай. Жауапты сала мамандары мен институттар күнде кезітетін олқылыққа бейжай қарап, тек қоғамдық резонанс тудырғанда шешуге ұмтылатындай көрінеді. Оған дәлел – экс-министр Қуандық Бишімбаевтың әйелі Салтанат Нүкенованың өлімі. Байқасақ, атышулы оқиғадан соң ғана сең жүрді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық жауапкершілігі артып, аталған мәселе саяси алаңда көп талқылануда.

«ЕНДІ ҚАЙДА БАРАМЫН?» НЕМЕСЕ ЖАПҚАН ЕСІК ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Мұны айтудағы себеп, күйеуінен таяқ жеген келіншек, жігітінен зорлық көрген бойжеткен, ер зәбіріннен қаза тапқан әйел тақырыбы бүгін пайда болған жоқ. Мәселен, Қазақстанда жыл сайын 80 мыңға жуық әйел сексуалдық зорлық-зомбылықтың құрбаны болса, 300 мыңдайы түрлі зорлық-зомбылық көреді. Әділдік іздеп шарқ ұрып, араша сұрап есік жағалайды. Өкініштісі, қызды «жат жұрттық» деп тәриелеген кей отбасы теріс

айналып, туысынан қолдау көрмеген незік-жандылар мемлекеттен көмек сұрауға мәжбүр. Бұл орайда дағдарыс орталықтары – жәбірленушінің маңдай тіреп баратын жалғыз мекені.

«ЖАМАН ЕРКЕК ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?»

Алдымен тұрмыстық қиянаттың себебін білу маңызды. «Ер адам неліктен қол көтереді?», «Жұбайының оқиғаны ұшықтырмауға мүмкіндігі болды ма?» деген сауалдарға жауап іздеу түйінді тарақтауға әкеледі. Әрине, бұл орайда отбасындағы әйел мен ер ролі туралы консервативті нотация мен жаттанды ұлттық ұран жауапқа жүрмейді. Сондықтан мәселенің объективті себебін бақылау үшін нақты қоғамдық әрі тұрмыстық аспектіні назарға алу жөн секілді.

Мамандар пікірінше, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты тудыратын үш тетік бар. Ол – маскүнемдік, жұмыссыздық және қаржылық қиындық. Осы үш жағдайның айналасында болатын жанжал қол көтеру, айқай көзіне айналу. Аталған мәселе туралы елордалық әлеуметтанушы Шаттық Тайбекқызына хабарласып, пікірін білген едік.

– Тұрмыстық келіспеушілікке әкелетін фактор көп. Соның бірі – қаржылық ахуал. Отбасы құрғанға дейін өз еркімен ақша жұмсап үйренген жастар қалыптан айнығысы келмейді. Не киемін, не ішемін деп бас қатырмаған бойжеткен отбасылық үнемшілдікке үйрене алмай жатады. Тіпті, отасқандарына біршама жыл болған ерлі-зайыптылар да ақша мәселесіне келгенде әлсіздік танытады. Мысалы, той-томалақ кезінде кімге қанша апарамыздан басталған әңгіме «менің туысыма аз, өз туысына көп» деген жікке бөлінуге ұласады, – дейді маман.

2-бетте

Университетте Оңтүстік Кореямен бірлескен

ВІС орталығы ашылады



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алатын студент шетелдік ЖОО-да тәжірибе жинақтап, бірден екі дипломға ие бола алады. Университет студенттеріне осындай мүмкіндік ұсыну. Қазіргі уақытта жоғары білім ордасы әлемнің көптеген мемлекетімен халықаралық байланыс орнатқан.

Осы орайда Оңтүстік Кореяға жұмыс сапарымен барған университеттің Әлеуметтік және тәрбие ішкі бөлімінің проректоры Жандос Базартаймен халықаралық байланыстың тиімділігі турасында сұхбаттастық.

– Жандос Нұртайұлы, білім ордасының Оңтүстік Кореямен халықаралық байланысы нығайтты деген хабардармыз. Ресми сапар аясында сол жақтағы оқу орындарымен жаңа жобаларды жүзеге асыру жөнінде келісім жасалуда. Іс-сапардың мақсаты, халықаралық LUPIC жобасы туралы айтып берсеңіз...

– Оңтүстік Кореяға университеттегі кәсіпкерлік орталықтың

басшысы Жанарыс Түбекбаевпен бірге келдік. Бір айға жоспарланған іс-сапардың негізгі мақсаты – тәжірибе алмасу, жаңадан байланыстар орнату, Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (СеулТех) бірлескен халықаралық LUPIC жобасы бойынша жұмыстарымызды пысықтау.

3-бетте



Басы 1-бетте



ұшыраған жандарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Үйінен кетіп, анасы қолдау білдірмеген, күйеуінен алшақтауды қалағандардың соңғы үміті осында. Пана іздеп келгендерге жатар орын, құқықтық көмек, тіпті қиянаттан қашып, көйлекпен шыққандарға киім-кешек те беріледі. Өзге аймақ секілді Қызылорда облысында да дағдарыс орталықтары жұмыс істейді. Әсіресе, 2017 жылы ашылған «Қамқорлық» орталығының орны ерекше. Орталықты паналаушылар 6 ай бойына 8 түрлі мемлекеттік әлеуметтік көмек алуға. Үш уақыт ыстық тамақ,

Жұмыссыздық пен маскүнемдіктің «жыры» белгілі. Екеуіне ортақ олқылық – қаржылық шығын, шаңырақ берекесін алу. Тіпті соңғы уақытта мұндай әлеуметтік ахуалды жүйесіз жүргізілген мемлекеттік реформаларға телитіндер бар. Бірі мамандық бойынша жұмыс табылмауын сылтау етсе, енді бірі жалақы аздығын алға тартады. Салдарынан тұрмыстық дағдарыс туындап, әйелге қол көтеруге итермелейді. Қайсыбірі болсын, озбырлықты ақтауға үйір.

Әр тармаққа тартылғанымен, ортақ себеп түсінікті. Тек бір ғана тақырыптың басы ашық. «Әйел не үшін зәбірге шыдайды, үйде қалудың мәні неде?». Бұл дәстүрлі қоғамның қысымынан қаймығу ма, әлде қаржылық тәуелділіктің салдары ма? Аталған сұраққа әлеуметтанушы Шаттық Тайбекқызы толымды жауап ұсынды.

«Әйелге шешім қабылдау қиын. Зорлық-зомбылық көрген әйел кеткісі келгенімен ерінен қорқады. Соңынан қалмай, күн бермейтінін сезсе, жағдайды өзгертуге талпына бермейді. Баспана жағдайы да зорлыққа амалсыз шыдауға, полицияға хабарласпауға әкеледі. Оған қоса төркінінің тұрмыстық ахуалы мен күйеуінің кінәсі құқық қорғау органдары тарапынан «тұрмыстық жанжал» ретінде қабылданатыны да ушықтырауда», – дейді ол.

Міне, маман айтқан мәселе тақырыптың өзектілігін арттырып келеді. Мысалы, 2023 жылы облыста әйеліне әлімжеттік көрсету дерегі 2022 жылмен салыстырғанда 20% өскен. Аймақта өткен жылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 1886 адам зәбір көріп, отбасы берекесін қашырған 152 адам тәртіптік шараға тартылды. 175 адам жәбірленушіден кешірім алып, ескертумен құтылса, 19-ына айыппұл салынды.

«Қамқорлық» қорған болуда
Бүгінде елімізде 40-тан астам дағдарыс орталығы бар. Оның ішінде 14-і – мемлекеттік. Мұнда отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа

медициналық көмекпен қамту мінсіз. Сокқыға жығылып, жылай келген әйелдерге жедел жәрдем көмегі де қарастырылған. Егер белгіленген мерзімде мәселесі шешілмесе, құзырлы орындар арқылы қосымша тағы 6 ай жатуға мүмкіндік бар.

«40 орынға негізделген дағдарыс орталығы тәулік бойы жұмыс істейді. Жәбірленушілер кез келген уақытта келуіне болады. Орталықты паналаған азаматтардың жеке басына қатысты ақпарат құпия сақталады. Жалпы, бізге келетін әйел адамдардың көпшілігі 5 жыл көлемінде тұрмыс құрғандар. Әрқайсысының екі-үш баласы бар. Сондай-ақ екінші санатты 6-10 жыл аралығында отбасын құрған нәзікжандылар құрайды. Үшінші санат бойынша 15-20 жыл көлемінде отбасылық өмірдің ыстығы мен суығын көрген аналарымыз жиі келеді. Көп жағдайда жәбірленушілер күш көрсету және психологиялық қысым бойынша шағымданады. Бұған қоса, еркінен тыс жыныстық қатынасқа итермелеу бойынша зәбір көргендер де кездеседі. Тіпті қолында, құрсағында баласы бар әйелдер көп түседі. Бір жылда шамамен бес әйел осында келген соң босанып, баласын бақты. Тағдырдан теперіш көрген жандар өз үйінде жүргендей сезінуі үшін бізде барлық жағдай жасалған», – дейді «Қамқорлық» дағдарыс орталығының директоры Жандос Түсмағанбетов.

Әйелдердің 30%-ы күйеуін кешіріп, үйіне оралады

Әлеуметтік көмектің әр қадамында жүйе бар. Бұл ұстаным «Қамқорлық» секілді дағдарыс орталықтарына да ортақ. Яғни, жәбірленуші орталықтан әлеуметтік көмек алу үшін алдымен өтініш жазуы шарт. Кейін заң органының арнайы шешімі негізінде ғана қабылданады. Бұл ретте екі тараптың жағдайы, құқықтық мүмкіндік, әлеуметтік ахуал секілді өлшемдер назарға алынбақ. Нәтижесінде мұқтаж жан қалағанынша орталыққа болуға құқылы. Осы тәртіппен 200-ге жуық адам

«Қамқорлық» дағдарыс орнының ша-рапатын көрген.

Әрине, мұнда бас сұққандардың барлығы «тонғаннан секиргендер». Отбасындағы кикілжің, айқай-шу, таяқтан құтылу үшін есік жағалауға бар. Көбі пәтер жалдаса, қалтасы көтермейтін қалған топ «Қамқорлыққа» келеді. Келуін келеді-ау, «елден ұят» деген қысынсыз сөз, қысыр әңгімеден қайымқан көбі ұзамай үйге оралады екен. Орталық мамандарының сөзінше,

Дағдарыс орталығы да дағдарыды

Қазақстанда қоғамдық институттар, әлеуметтік жұмыс жүйесін жетілдіру әлі де кемшін. Бұл олқылық дағдарыс орталықтарына да қатысты. Мәселен, орталыққа уақытша орын алу үшін паналаушы өзіне қатысты зорлық-зомбылық жасалғанын дәлелдеп, жәбірленушінің мәртебесін анықтау рәсімінен өтуі тиісті. Оған қоса анасымен кел-

ды қаржыландырудың қолданыстағы тәртібі зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік бермейді. Өйткені бұл орталықтар өз жұмысын жалғастыру үшін мемлекеттік грантты жеңіп алуы шарт. Ол гранттар саны, сомасы азайту-луы мүмкін. Кей жылдары тендер не кешіктіріліп өткізіледі немесе мүлдем өтпей қалады. Осыған байланысты сарапшылар қауымдастығының өкіл-

«Енді қайда барамын?» немесе
ЖАПҚАН ЕСІК ЖАҢҒЫРЫҒЫ



тағдыр тауқыметін тартқандардың 92%-ы отбасына қайтқан. Арасында қайта айналып есік қаққандар да кездесетін көрінеді.

Мұны онтүстік өңірдегі келіндік сипат, салт-санамен байланысты десек, қателесеміз. Мұндай статистика өзге облыста да басым. Әрине, шаңырақ шайқалмағаны дұрыс-ақ, алайда ерінің моральдық-психологиялық ахуалына көз жеткізбей, ұрда-жық, ояраға қайта оралу орынсыз болмас қайғыға әкелуі ықтимал. Сөзімізге тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қаза болғандар дерегі дәлел бола алады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдердің 30 пайызы күйеулерін кешіріп, үйлеріне оралады. Өкінішке қарай, сол келіншектердің тең жартысы дағдарыс орталығына қайтып келеді. Өйткені жолдасы жұдырық ала жүгуірін тоқтатпаған. Сондықтан депутаттар Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазалауды қатаңдататын заң жобасын мақұлдауын сұраймыз», – дейді «Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Зұлфия Байсақова.

ген көмелетке толмаған балаларға психотүзеу жұмысын жүргізу жүйеге қойылмаған. Бұған бюрократия мен қағазбастылықты қосыңыз.

Жалпы елімізде уақытша пана ұсынатын қайырымдылық ұйымдар желісі дамымаған. Теміржол және автобус вокзалдарында, әуежайларда түнеп шығуға тыйым салынған. Содан жақын-жуығы болмаса, көршілері мейірімділік танытпаса, зардап шеккендердің әсіресе, ақырған боранда, үскірік аязда барар жер, басар тауы қалмайды. Ал дағдарыс орталықтарында орын саны шектеулі, артық адам қабылдай алмайды. Ол аз-адал үздіксіз жүргізу әрі мемлекеттік грантка ілігуі үшін заң талаптарын сақтауға тиіс.

Осы орайда ПМ-нің inbusiness.kz сайтына берген мәлімдемесінде дағдарыс орталықтарының қаржылық қиындығы бүкпесіз баяндалған екен. Ресми мәліметке назар аударсақ, аталған олқылыққа тендердегі қателік себеп көрінеді.

«Қазіргі уақытта елде мемлекеттік және мемлекеттік емес дағдарыс орталықтары жұмыс істейді. Олар-

дері мемлекет тарапынан тұрақты қаржыландыру қажеттігін атап өтуде», – деп хабарлады ПМ мамандары.

P.S. Бүгінде дағдарыс орталығының жүктемесін азайту маңызды қадам қатарында. Бұл ретте тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны күшейту – бірден-бір шешім жолы. Осы мақсатта жуырда Оңтүстік Кореяның үлгісіне негізделген «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы» әзірленіп, бірқатар заңға өзгеріс енді. Әсіресе бұдан кейін әйеліне немесе бала-шағасына қол көтеріп, денсаулығына жеңіл зиян келтіргендер әкімшілік емес, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ал сотқа отбасының шырқын бұзатын азаматтарды тұрғын үйден уақытша шығарып, әлеуметтік бейімделу орталықтарына жіберу құқығы беріледі. Мұның барлығы қауіпсіз ортаны қалыптастыру, әділдік пен теңдікке жетудің төте жолы болар деген үміт басым.

Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Әскери техниканың әзірлігі қандай?

АҚШ, Ресей және Қытай үздік үштіктегі орнын мықтап сақтаған. Әскер қатарының көбеюі мен реформаға дейін жігіт мән беретін алпауыт мемлекет елеулі жетістікке жетіп отыр. Бұл тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел іргесін нығайтып, әскер әлеуетін арттыруды айтты.

– Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе, гибридтік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет.

Ол үшін әскерді жоғары технологиялық қару-жарақпен және сапалы әскери техникамен жарактандыру, оқ-дәрілермен толықтай қамтамасыз ету айрықша маңызды. Жақында жариялаған Жолдауында жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс циклін құруды тапсырдым. Бронды техника, ауыр қарулар – мұның бәрін біз өзімізде шығара аламыз. Жалпы, қорғаныс-өнеркәсіп кешені әскеріміздің жауынгерлік қабілетіне сенімді тірек болуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Бұған дейін елімізде де әскери техникалар жасалып, қолданысқа берілді. Жарылыс пен кинетикалық соққыға төтеп беретін қауқары бар. Осылайша Астанадағы зауыт «Арлан», «Алан», «Номад» пен «Барыс» сияқты брондалған машиналар өндіріген. Мамандардың айтуынша, донғалаққа оқ тисе де, тағы 50 шақырым жүруге болады. Шикізат елден табылса, өзімізде өндіріген әлдеқайда тиімді. Дегенмен Қорғаныс министрлігі техниканы сырттан сатып алатын көрінеді.

– Тағы бір маңызды мәселе – дамыған елдерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл



атқаратын әскери-өнеркәсіп кешенінің жан-жақты нығайтуы. Ең маңызды міндет – импортқа тәуелділікті төмендететін жоғары оқшауланған өндірістік цикл құру. Біздің армиямыз жоғары технологиялық қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронетранспортерлермен, ұшықшысыз ұшу аппараттарымен, заманауи атыс қаруларымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жабдықтарды жедел жөндеу үшін өндірістік қуатты күшейту, отандық кәсіпорындарды қолдауды күшейту қажет, – деді Президент.

Неде болса әскери жарақты жаңарту мен сатып алу қарқыны жаман емес. Қазақстанның Қарулы Күштері қажетті жабдықпен қамтамасыз етуде қалы қалмаған.

– Қорғаныс министрлігі үшін қару-жарақ пен әскери техниканы сатып алу

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде жүргізіледі. 110 бірліктен астам әскери техника сатып алынып, әскерге түсті. Өзе қорғанысы күштері 4-інші буынның заманауи көпфункционалды, соқпалы және көліктік-жауынгерлік тікұшақ, әскери-көліктік және оқу-жаттығу ұшақтарымен жарактандырылады. Таяу мерзімді перспективада испандық Airbus military компаниясы шығарған a400m әскери-көлік ұшақтары жеткізілмек. Орта класты әскери-көлік ұшақтарының желісін сатып алу жалғасуда, – деген еді ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Сұлтан Камалетдинов.

Рейтинг реттемейді

Әлемнің әскери қуатын анықтайтын рейтинг 60 критерийге басымдық береді. Яғни әр елдегі әскери бөлім саны мен құрамы, әскери салаға бөлінетін бюджет, техника мен құрылғының арсеналы сынды маңызды тұстар ескеріледі. Дегенмен рейтинг белгілі көрсеткіш ұсынғанымен, әскердің жағдайын нақты сипаттамайды. Бұған саяси қулық себеп болады деген болжам бар.

– Шыңдығында, қандай да бір елдің әскери қуатын рейтинг арқылы өлшеу мүмкін емес. Өйткені эконо-

назар аударылды, тәуір қаржы бөлінді» деп мәлімдеді.

Десе де, Қазақстанның қорғаныс бюджеті елдің жалпы ішкі өнімінің 1 пайызына жете қойған жоқ. Классикалық жағдай бойынша, кемі 2 пайыз болғаны дұрыс, – деді ол.

Әскердегі өмір: жеңілдік жүкті азайта ма?

Отан алдындағы борышты өтеу әрбір азаматтың алдындағы парыз. Десек те соңғы уақыттағы жүйенің жүгенсіздігі сарбаз өлімін көбейтті. Темірдей тәртіптің тұқыртып жіберуден тайынбайтыны зорлық-зомбылық пен қысымды үдетті. Жастардың әскерге барудан жалтарыны да содан. Аман барып, ауру болып оранған баласын көрген ата-ана да алаңдаулы. Мәселенің мемлекет тарапынан шешімін табатынына сенім жоқ емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әскерге барған жастарға берілетін жеңілдік жайында айтып, сарбазды қолдау керекін жеткізді. Балкім, бұл жас сарбаздың бойына жігер сыйлар. Бүкілармиялық кеңеске қатысқан Мемлекет басшысы әскери қызметке «әлеуметтік лифтинг» маңызын тілге тиек етті. Сол арқылы жастардың қоғамнан өз орнын табуға мүмкіндік берілуі тиіс.

– Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Әскери борышын өтеп келген азаматтар енді жоғары оқу орнына жеңілдікпен түседі. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиеден төлеу міндетінен уақытша босатылады. Сондай-ақ олар өздері қаласа, армия қатарынан нақты мамандық алып шығады. Жалпы, сарбаздарды әлеуметтік қолдау шараларын мейлінше көбейту қажет, – деді Президент.

Оның сөзінше, әскерде жүрген жастар нағыз сарбаз, нағыз маман болып шығуға міндетті.

– Әскери адамдар өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскери қызметшілерге жақсы жалақы төленуі керек. Үкімет Күштік құрылымдарға еңбекке төлеудің бірінші жүйесіне көшкен кезде осыны ескеруге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Түйіндей келе, әскер саны мен сапасының атқарар рөлі зор. Сондықтан әскери саланың әлсіремегені игі. Азуын айға білеген алпауыт мемлекеттер қатарында ел қуатының артқаны ләзім.

Замира АХМЕТ

2023 жылдың сәуір айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен СеулТех университеті халықаралық LUPIC (Leading University project for International Cooperation) жобасына қол қойды. Сол жылдың мамыр айында университет делегациясы СеулТехқа жұмыс сапарымен барып, бірлескен жұмыстарды талқылады. Ал, қараша айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің және СеулТех университеті өкілдерінің қатысуымен Қызылордада Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Онда оқу үшін іріктеуге қатысқан 131 адамның ішінен 31-і таңдап алынды. Оларға жыл бойына СеулТех университетінің 5 профессор-оқытушысы, кәсіпкерлік бағыт бойынша 1 арнайы өкіл келіп білім береді. Алдағы уақытта университетте СеулТех филиалын ашу және қос дипломды бағдарламаны жүзеге асыру жоспарлануда. Соның нәтижесінде түлектер екі ЖОО-ның дипломын ала алады.

Шетелдік оқу орнымен бірлескен мектеп көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Мектепке қабылдау қалай жүзеге асады, өзге облыс тұрғындары оқи ала ма?



Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебінде өзге өңірдің тұрғындары да оқи алады. Университет ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне 100 грант бөлу жөнінде сұраныс хат жіберді. Сәуір айында барлық облыста кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіледі. Мектепке СеулТех және университеттің профессор-оқытушыларын, арнайы кәсіби шеберлігі жоғары практик мамандарды тарту жоспарлануда.

Әлеуметтік желідегі жазбаңызда Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі жанынан ВІС орталығы ашылатынын хабарладыңыз. Орталықтың мақсаты мен ерекшелігіне тоқталсаңыз...

ВІС (Business incubation center) орталығы биыл наурыз айында ашылады. Орталықтың мақсаты – стартап жобаларды қолдау, жаңа бағдарламаларды енгізу, жастарды кәсіпкерлікке баулу. Орталық жанында робототехника, дрондарды құрастыру курстары ұйымдастырылады. Қазіргі таңда әлем бойынша құрылыс, геодезия, ауылшаруашылығы, медицина, төтенше жағдай қызметі, әскери қарулы күштер тағы басқа салаларда дрон кеңінен қолданылады. Қазақстанда бұл бағытты дамытуға үлкен сұраныс бар. Сондықтан осы сала бойынша мамандарды даярлау өте маңызды. Сапар барысында ұсынысымызды СеулТех университеті

мамандығы бар екен. Ол екі бағытқа бөлінеді: қарттармен және балалармен жұмыс істеу. Біздің университетте де осы мамандық бар. Соған сәйкес екі жақты білім беру бағдарламасын бірге дайындап, тәжірибе алмасу жоспарда бар. Сонымен қатар, «косметология» мамандығын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ашуды жоспарлаудамыз.

Университет білім алушыларының Корейнің басқа да оқу орындарында оқып, тәжірибеден өте ала ма?

Корейнің Каннам университетімен 15 жылдан бері байланыстамыз. «Академиялық ұтқырлық»



Енді осы саланы өз елімізде дамыту – басты міндетіміз.

Технологиясы мықты, тәртіп бірінші орында деп жатады... Сіз қандай өзгешелік байқадыңыз?

Корейде халық өте сыпайы. Бас иіп сәлемдесуі, жылы қоштасуынан, қоғамдық көлікте жол беруінен-ақ мәдениеттіліктері ерекше байқалады.

Тәртіп бірінші орында, тәрбие жоғары деңгейде. Естүімше, ұрлық өте аз кездеседі. Көшеде полиция көліктерін көрмейсің. Өйткені барлық жерде бейнекамера орнатылған әрі халық тәртіпті қатаң ұстанады. Корейліктер өте ерте тұрады, бастаған істі аяғына жеткізгенше тынбайтын еңбеккер.

Жаяу жүргіншілер жолында біздің елдегідей адам жалғыз өте бермейді, кеме жанында үш адам болып өтуі керек. Таксилері өте таза. Кез келген адам таксист бола алмайды екен. Міндетті түрде лицензия алып, тәжірибеден өтіп қана жұмысқа орналасады.

Технологиясы өте дамыған ел. Сондықтан телефон, көлік бағасы біздің елмен салыстырғанда арзан әрі тұрғындарының айлық табысы жоғары.

Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҢТҮСТІК КОРЕЯМЕН БІРЛЕСКЕН

ВІС ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

бағдарламасы аясында студенттер осы жақта білім алуда. Сонымен қатар Шинхан университетімен де байланыс орнатылған.

Оңтүстік Корея – музыка, кино, бьюти индустриясы арқылы әлемді жаулаған, қарқынды даму үстіндегі ел. Бұл елдегі оқу орындарының ерекшелігі туралы не айтар едіңіз?

Мұндағы оқу орындарының ерекшелігі – миниквалификациялық мамандар даярлауға машықтанғаны. Бірқатар мамандықтар бойынша төрт жыл емес, екі жылда өз саласының үздіктерін дайындап шығады. Байқағанымыз, косметология саласы бойынша жоғары жетістіктерге жеткен.

Ақпараттық заманның дамыған шағында медиа саласы табыс көзіне айналды. Бұл қатарға блогер, мобилография, SMM және тағы да басқа интернетпен байланысты мамандықтарды тізе беруге болады. Соңғы жылдары әлеуметтік желідегі маркетингтің мәртебесі өсіп, қабілетті жастардың, студенттердің жолын ашуда. Осы тұста бұл мамандықтың қыр-сырымен танысу үшін SMM маман Айнұр Досжановамен тілдескен едік.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ МАРКЕТИНГТІҢ МАҢЫЗЫ



SMM маманы болу үшін арнайы білім қажет пе? Бұл саланы игеруге кімдер қабілетті?

Мен университетте оқимын. Студент болып жүріп те өзімді қаржымен қамтамасыз еткім келді. Сұранысқа ие салаларды қарап шықтым. Қазақстанда қарқынды дамып жатқан әлеуметтік желідегі маркетингтің SMM маманы болу үшін арнайы білімнің қажеті жоқ. Мұндай мамандар маркетинг, аналитика және шығармашылық ойлау дағдыларына ие. Бар болғаны YouTube желісі арқылы керекті бейне сабақтарды қарап шығып, жақсы камера мен қиялға ерік бере алсаң болғаны. Біліктілігімді жетілдіру мақсатында «I teach me 7.0» бағдарламасына өтінім беріп, алғашқы кезеңінен өттім. 3 айлық курсты оқып, кейін жұмыс табу да аса қиындық тудырмады. Әлеуметтік медиа саласындағы алғашқы жобам – балалар киімін сағаттың дүкені. Әлі күнге дейін жана трендтер мен әдістерді үйреніп, белсенді түрде дамытудамын. Айта кететін тағы бір жайт, бұл салада бәсекелестік жоғары.


Болашағынан зор үміт күттіреді. Кәсіпкерлер үшін бизнестің жанданып, ел назарында болғаны маңызды. Ал тауарды қызықты контентпен жарнамалап, өтімді етуге SMM мамандар пәрменді. Сонымен қатар олар тартымды әрі қызықты пост жазуға қабілетті болуы тиіс. Себебі көгілдір экран сыртындағы көрермен ұзақ мәтінді оқығанды ұнатпайды. Оның орнына нақты және керекті ақпаратты шолып шыққанды дұрыс көреді. SMM мамандар сізге бұл мүмкіндікті бере алады.

Табысты мамандық екенінен хабардармыз. Айына қанша қаржы табуға болады және қанша уақытты қажет етеді?

SMM саласындағы ең аз айлық – 150 мың теңге. Сондай-ақ өзіне ыңғайлы уақытта және қашықтықта айналысуға мүмкіндік береді. Студент немесе бірнеше жұмыста істейтін жандар үшін ыңғайлы екені сөзсіз. Бастапқы уақытта тәжірибе жинау өте маңызды. Ол кезде алатын айлық та азық өтуі мүмкін. Бірақ өмірдің кез-келген саласында кездесетін бұл қиындықты кемшілік деп санау, әсте қате болар. Менің жалақыым 150 мың, алайда бұған дейін бұл салада өтілім болмағандықтан, мен үшін бұл жақсы айлық деп білемін. SMM мамандарына әрдайым білім жетілдіріп отырған жөн. Жаңа трендтерден қалуға болмайды. Таным кеңістігі барынша кеңейген сайын жұмыс сапалы бола бермек. Яғни сіз секілді маманға да сұраныс арта түседі.

Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 91 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлен иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай ақ, «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №04-9/4 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен және мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі мекенжайындағы жалпы көлемі 84,0 (сексен төрт) шаршы метр жер учаскесін және көлемі – 123,0 (бір жүз жиырма үш) шаршы метр жылжымайтын мүлікті темір жол арқылы жер асты автокөлік өткелін салу мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы

- үшін мәжбүрлен иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлен иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 1 мамыр болып белгіленсін.
- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

С. Қожаниязов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «30» қаңтардағы № 91 қаулыға қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Жер учаскесінің ауданы, м²	Нысаналы мақсаты
1	10-156-019-1198	Джакупов Абдулла Избасарович	84,0	жеке тұрғын үй құрылысы салу және оған қызмет көрсету үшін
2	10-156-021-000	Кротова Полина Владимировна	25,10	жеке тұрғын үй құрылысы үшін
3	10-156-009-000	Есиркепова Жанар Онгаровна	27,40	жеке тұрғын үй құрылысы үшін
4	10-156-000-000	Шоныкбаева Сагира Абдилдаевна	42,80	жеке тұрғын үй құрылысы үшін
5	10-156-008-000	Махатаев Мақсат Олжабекұлы Смагулова Лаура Маратовна	27,7	дүкен үшін
Барлығы			84	123



Корея мемлекетіне қызықпайтын адам кемде-кем. Таңғы шық елінің әр ғажайыбы таңданыс тудыратыны рас. Тіпті тарихқа тұнған алып шаһардың өз шындығы бар. Бұл туралы аудармашы, “Хангук” кәріс тілі оқу орталығының директоры Іңкәр Абдраимовамен әңгіме өрбіткен едік.

ЖҮЗ БЕТТІК ЖИНАҚ: Корей тілін үйренудің көркем жолы

– Шет мемлекетте оқыдыңыз. Осы аралықта не түйдіңіз? Жалпы санада немесе өміріңізде өзгеріс болды ма?

– Кангнам университетінде кәріс тілі-ағылшын мәдениетін меңгеру мақсатында 3,5 жыл оқып, Йонгин қаласында тұрдым. Танымым кеңейіп, санада өзгеріс болды. Өмірде дүние-мүлік жинау, жұртпен жанталаса жарысу, әсемденуден әлдеқайда маңызды іс барын ұқтым. Саяхат пен оқу – дамудың кілті. Сондай-ақ қиыншылықты қабылдауды, сабырлы қалпыма қалуды үйрендім. Шыңдалдым. Алдағы 10 жылдық Қазақстандағы өмірімді көріп, болашаққа барғандай әсер алдым. Уақыт пен ақша, жалпы өмірге қатысты көп нәрсені ой елегінен өткіздім. Қажетті тәжірибе жинақтадым десем артық емес.

– Кәріс тілін үйренуге сөздік жасадыңыз. Тіпті мейрамхана мен демалатын орынға дейін бағыт бар. Авторлық кітап шығаруға идея қалай туындады?

– Өткен жылы қыркүйек айында кәріс тілі бойынша оқу орталығын аштым. Қазір 40 оқушы қатысып, білім алуға. Курсты онлайн және офлайн форматта да өткіземіз. Оқу орталығымыз Сеул қыздар университетімен байланыс орнатты. Енді аталмыш университетке оқуға жіберуге мүмкіндік қарастырылған. Жастардың тіл үйренуге қызығушылығы зор. Алдағы уақытта оқушы саны артады деген ойдамын. Сондай-ақ сұраныс бойынша арнайы кітап әзірледім. 100 беттен тұратын жинақта сөздік, базалық кәріс тілі бойынша видео сабақтар бар. Кореяға

барған жағдайда қажет болатын ақпаратты да ұсындым. Яғни дорамә түсірілген орын мен аймақтың мекенжайы белгіленіп, карта үлгісінде жасалды. Сонымен қатар халал мейрамхананы да атап көрсеттім.

Қазақ тіліндегі мәліметтің аздығы кітап шығаруға себеп болды. Оқушы кезімде Корея туралы зерттесем дереккөздің барлығы орыс тілінде берілді. Оны түсіну үшін ата-анамнан аударып беруін сұрайтынмын. Бұл қазірде мәселе. Кітапты жастар игілігіне пайдаланады деп сенемін. Алдымен әлеуметтік желіде тұрақты оқирмандарыма жарнамайламын. Таралымы 1000 данадан басталады.

– Дораманың жанкүйері көп. Қиялмен қабысатын сюжетке сүйсіген жас Кореяны көргісі келеді. Кәріске тұрмысқа шығатындар да жоқ емес. Айтыңызшы, мұның ажырасуға ықпалы бар ма?

– Дорамда сюжетке сендіру әртістің шеберлігі. Шынайы өмір сериал секілді емес. Кореяның тыныс-тіршілігін экраннан көріп, баруға қызығу зандылық. Өйткені әдеби келіскен әдемі мемлекет. Десе де Кәріс жігітіне тұрмысқа шығу сынды ойлар онык жегізуі мүмкін. Иә, жаңа ортаға сіңісіп, тіл табысатындар жоқ емес. Дегенмен екі мемлекет болған соң екі түрлі дәстүр, мәдениеті де бөлек. Тіпті үйренісе алмай, қиындық та кездесетіні анық. Оның ақыры ажырасумен аяқталады. Бұдан бөлек жастар Кореяға нәпақасын тауып, жұмыс істеуге заңсыз жолмен барады. Айына 800 мың теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін табуға мүмкіндік бар. Қаржылай тапшылық болған соң ер адамдар Кореяға барып, жары елде қалып қояды. Тіпті ұзақ жыл бір-бірін көрмей, бөлек отбасын құрып кететіндер бар. Ол жақта заңсыз жүргендіктен елге қайтудың да амалы қалмайды. Сонымен қатар, Кореядағы өмірден соң елдегі тіршілікке қайта үйрену депрессияға ұшыратады.

– Екі ел арасындағы визасыз режимді кәдеге асырған адам көп. Заңсыз жұмыс істеген қадастар айыппұл арқалады. Бұл жайында не дейсіз? Жалпы виза алудың қиындығы қандай?

– Иә, мұндай жағдай көп кездеседі. Саяхатқа келдім деп, Корея шекарасынан өтіп, заңсыз жолмен жұмыс істеуге қалады. Сөйтіп, өкінішке қарай, қара тізімге енеді. Бұл Қазақстан халқына кері әсер етері белгілі. Визасы бар студенттердің Кореяға баруы қиындағаны содан. Тіпті білім алғысы келетін студентке оқу визасын алуды қиындатып жатыр. Қара тізімнен шығудың жолы – заңды сақтау.

Айыппұл салуда да екі нұсқа бар. Оның бірі белгілі мөлшерде айыппұл төлеу немесе Корея мемлекетіне баруын шектеу. Тіпті өмір бойы Кореяға бара алмауы ықтимал, бұл отбасына да қатысты. Енді екі ел арасында жұмыс визасы қарастырылуда. Соңғы жаңалықтарға сүйенсек, ол мемлекетке жұмыс істеуге жылына 3 мың қазақстандықты жібере алады екен. Белгілі бір деңгейде кәріс тілін білу міндетті. Яғни, арнайы тестілеуден өтіп, медициналық сараптамадағы оң көрсеткішімен сол жақта жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Жұмыс істеу мерзімі – 3 жыл. Жұмыс визасының тиімділігі осы уақыт аралығында емін-еркін елге келе алады. Өйткені бәрі заңды түрде болмақ.

– Интернет жылдамдығымен Токионы артта қалдырдық деген әңгіме қоғамда қызу талқыға түсті. Ал Корея толық тегін интернетпен қамтамасыз етілген. Сіздіңше, бұл жүйе бойынша қандай кемшіл тұсымыз бар?

– Кореяда мобильді тариф пен 5G интернеті бөлек. Мобильді тариф елімізге қарағанда қымбат. Мұндағы айырмашылық ұялы телефонға ай сайын бірлік салсақ, ол мемлекетте бір тарифті аласыз да, ай сайын қартадан ақша шешіп отырады. Қанша бірлік қалғаны көрінбейді. Тек 30 мың, 10 мың және 5 мың теңгелік тариф бар. Соның бірін сатып алып, пайдаланады. Қоңырау шектен тыс асқан жағдайда келесі айда қартадан көлемді ақша ұстайды. Ал интернет жүйесі жақсы дамыған. Автобуста, автобус аялдамасында, кафеде, кез келген ғимаратта 5G ұстайды. 2018 жылдың өзінде сондай жайлы жағдай болды. Демек бізден ілгері екені сөзсіз.

– «Кореяда өмір сүру деңгейі жоғары болғанымен, өмірдің өзі жоқ» дейді. Қалай ойлайсыз, қарбалас тіршіліктен бас алмайтын халық әдемі сәттерді сезініп үлгерме?

– Кәрістер – нәзік халық. Олардың сөзге илануы мен сенуі оңай. Уақыт және жоспармен жүретін еңбеккер адамдар. Қызылорда облысынан Корея Республикасының жері екі есе кішкентай. Соған қарамастан 52 млн халқы бар. Бәсекелестік жоғары. Сол үшін олар үздіксіз білім алып, тынбай еңбек етуге ұмтылады. Мектепте бестік бағаны да бәріне қоймайды. Бір сыныпта тек 3 оқушыға қойылады. Шектеу мен тәртіп болған соң күндіз-түні тынымсыз тіршілік етеді. Бірақ содан стресс-ке түсіп, суицид жасайтындар бар. Ал біздің қоғамда мұндай нәрсені елемегуге, сынаққа сынбауға үйретеді.

Олар көп жұмыстан соң жақсы тынығады. Сенбі және жексенбі күндері еркін демалады. 3 ай сайын шетелде саяхаттауды жоспарлайды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нәзік АХМЕТ

ДӘСТҮРДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘНІ ТЕРЕҢДЕ

Өркениетке өрлеу бір бөлек, ал жаһандануға жұтылу қауіпті. Сырттан енген мәдениетті қалыпты қабылдау ұлттық дәстүрдің ұмыт болуына түрткі. Оған мысалдар да жоқ емес. Бұл жөнінде әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мақпал Сыздықовамен тілдестік.



– Батыстың бүлдіргі мәдениетіне бейімделу белең алды. Сіздіңше, ұлттық құндылықты ұлықтау үшін қандай әрекет-қадам маңызды?

– Тәуелсіздік алған жылдары дүниеге келген жастардың алды 30-дан асып жатыр. Бұл кезеңде жастар білім алып, тәжірибе жинақтап, ақыл тоқтағып, отбасын құрып үлгерді. Олар дәстүрлі құндылықтарды көріп өсті. Ал қазір батыстан келген қазақ қоғамына жат дәстүрлер көзге үйреншікті, құлаққа сіңісті болып барады. Қазақы болмысқа тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұмыт болмау керек. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзеген. Сондықтан отбасында құндылық жайында жиі айтылу қажет. Дәстүрлі құндылықты дәріптеу дінтанушы, теолог, мәдениеттанушы мамандардың ісі деп бей-жай қарау қате. Иә, жаһандық кезеңдегі қоғамның өзгеруі, дәстүрлі құндылықтың заманауи сипат алуы табиғи құбылыс. Дегенмен ұлтты айышқайтын салт-дәстүр болғандықтан, оны сақтау өте маңызды. Көрсетілмеген шыққан «Дәстүр» фильмі көпке мәлім. Бұл қоғамда резонанс тудырағын жасырын емес. Күнделікті өмірде болатын жайттың дәстүрге айналғанын көрсеткендей. Жемқорлық, қылмыстан сытылып кету сынды күрделі дүниені дәстүр ұғымына ұйыстырады. Бұл дұрыс емес. Ұлттық дәстүр құндылықпен астасады. Оның мазмұны мен мәні тереңде.

Әлеуметтік желіде дәстүрді насихаттайтын парақшалар санын көбейтуге болады. Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, қазақтың қолөнерін әлемге танытып жүрген жас суретші, зергер, шеберлерді мемлекет тарапынан марапаттап, ынталандыру жұмыстарын жүргізу де артық етпейді. Тойды да салт-дәстүрге сай өткізу үлкен сеп болмақ.

– Жастар арасындағы жария жүктілік көпке мәлім. Бала жынысын “гендер патимен” білуге әуес. Айтыңызшы, қоғамда құрсақ шашу дәстүрі қаншалықты сақталған?

– Соңғы жылдары лексиконымызда «Гендер патимен» сөзі пайда болды. Әсіресе жас отбасын құрғандар үшін таптырмайтын басқосу кешіне айналды. «Гендер патимен» – америкалықтардың жақыны және дос-құрбыларымен атап өтетін отбасылық мереке. Ал халқымыз баланы өмірге әкелу барысында ешқандай жоспар енгізбеген. Тоғыз ай, тоғыз күн перзентінің жарық дүниеге дені сау болып келуін сабырлықпен күткен. Бала санын да санамаған халықпыз ғой. Ескілікті көрген кісілер әлі күнге баласының да, немересінің де санын айтпайды. Айтқан күнде де «Құдайдың бергендері» дейді. «Гендер патимен» бұрын қазақы дәстүрмен құрсақ тәрбиесіне мән берген абзал. Ол біздің халқымызда бұрыннан бар. «Құрсақ шашу» тойы да мереке іспеттес. Бұл үрдіс бойынша жүкті келіншектің енесі абысын-ажындарын, келін-кешіктерді шақырып, «құрсақ шашу» тойын атап өтеді. Онда сауық-сайран құрып, ән

шыркәлып, би де биленіп, келіннің аман-есен босанып, аяқ-қолын бауырына алуына тілектес болады. Бұған ер адам қатыспайды.

Бүгінде іші білінер білінбестен келіндер жағы «гендер патимен» тойын дүрділетіп өткізсе, еңелер сол сауық кешінің сыйлы қонағы ретінде төрде отырады. Ал бұрын көпті көрген, алтын құрсақты аналар келіннің жүкті екенін жалпақ жұртқа жария етіп, бірден сүйіншілемеген. Бала құрсаққа әбден орнығып алғанша ешкімге тіс жармаған. Қазақы болмысқа жат дүниені жақын көрмегеніміз жөн.

– Халқымыз «шырағың сөнбесін» дейді. Ал қазір туған күн несіне шырақ үрлетіп, тілек айтады. Бұл қайшылықты қалай қалыпқа келтіруге болады?


– Торт бетіне шырақ жағып, оны үрлеп сөндіру үрдіске айналды. Онсыз туған күн өтпейтін тәртізді. Үрлемесе тілегі қабыл болмайтындай көрінеді. Мұны университет қабырғасында студенттердің әрекетінен байқап жүрміз. Қазақта «отыңды өшірме» деген сөз бар. Жана дегеннің өзі оттан басталады. Жана түскен келіннің отқа май құюы жас шаңырақтың оты өшпесін деген қазақ даналығының бір үзгісі. Отты үрлеу, іштей соған сеніп тілек тілеу дұрыс емес.

– «Қазақстанның онтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» жобасымен айналысып жүресіз. Мұның мазмұны мен зерттеу нәтижесіне тоқталсаңыз...

– Жобаның мақсаты еліміздің қазіргі мәдениетіндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерісін зерттеу. Онтүстік өңірлердегі ұлттық мәдениет әлі де басымдық танытып, мәдени доминанталық рөл атқарады. Себебі бұл заңдылықтар онтүстіктегі қоғамның өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды. Ал қақтығыс туындаптайтын жаңашыл құндылықтар да байланыстардан шеттеп қалмауы керек. Мұны ақилониялық және семиотикалық тұрғыда талдап, қақтығыстың алдын алуға ұсыныстар береміз. Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің өзара тәуелділігі артып, жалпыға ортақ мәдени ережелері бір жүйеге тартылған. Біз де бұл интеграциядан тыс қала алмаймыз. Тек ғаламдастыру негізінде жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшелікті сақтай отырып, өзге мәдениеттен талпаң-таңдап, керегін алу қажет. Өйткені түрлі-түсті кештер балабақша, мектеп және отбасы арасында трендке айналғанымен өміршең емес. Керісінше ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртқан жөн.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира
ҚОНЫСЖАН



«ЕР АДАМ ИНЕ ҰСТАМАЙДЫ» деген қате ұғым



Бүгінгі кейіпкеріміз – сән мен қолөнерді ұштастыра білген, хоббині кәсіпке жалғаған 24 жасар Нұрқиса Бағдатұлы. Балалық сүйікті ісін серік еткен жерлесіміздің ине мен қаламының ұшынан туындаған өнері түрлі сайыстар мен байқауларда көрсетілуде. Осы орайда саяхаттаудан шабыт алып, шабытын туындыға айналдыратын Нұрқиса Назармен сұхбаттасқан едік.

Week сән апталығына арналған стилист маман ретінде топтамамен жұмыс жасадым. «Raffina» ательесімен бірге Қазақ Аруы байқауының өңірлік Сыр Аруы байқауында қатысушыларға арнайы образдар дайындадық. Тәжірибе жинақтау және тағылымдама барысында атқарылған жұмыстар да бар.

– Көбінде дизайнер, тігіншілерге шығармашылық еркіндік пен талант керек дейді. Кәсіби оқу қажет пе?

– Әрине, алдымен адамның өзінде талпыныс, еңбекке құштарлық, мамандығына махаббат болу қажет. Мен дизайнер мамандығы бойынша білім алдым. Бұл салаға келуім үшін ата-анаммен біраз уақыт талқыладым. А л ғ а ш қ ы д а түсініспеушіліктер орын алды. Алайда жұмыстарымды көргеннен кейін қолдау көрсетіп, менің таңдауымды құрметтей бастады. Қазір қоғамда «Ер адамдар тігінге жақын болмайды, ине ұстамайды» деген қате ұғым қалыптасқан. Негізінде үлкен брендтердің негізін қалаушылар ер адамдар, мысалы: Диор, Баленсиага, Луи Витон, Сен-Лоран. Кәсіби оқуға келетін болсақ, әрине базалық білім қажет. Бұл – жазу үшін әріп жаттағанмен тең. Сол секілді киім тігу үшін өзінің арнайы базасын білсе, әрі қарай қиял мен талант өзі қанаттандырады.

– Қоғамдағы стереотипке де кезек келді. Нейтралды көзқарастан ауытқып, қатып қалған қағидаға қадалған ортада достарыңыз, туыстарыңыздың тарапынан қандай әрекеттер болды? Сіздің ойыңызша біздің қоғамда неге ер адам мен инені тең көрмеу қалыптасқан?

– Бұл деген ұзақ әңгіме, қысқа ғана тоқталатын болсам пост-советтік елдерде мамандықтар шаблонды түрде гендерге бөлінген. Соның тарапынан қалған дүние ғой, қазіргі уақытта бұл біртіндеп жойылуда. Мен қуаныштымын. Ал достарым өте жақсы қабылдады, киім немесе стиль бойынша кеңес керек сәтте менімен ақылдасып, тапсырыс береді.

– Тапсырыс беруші аудиторияңыз қандай? – Тапсырыс берушілердің басым бөлігі – жастар. Сән саласындағы стилистер, әріптестерім, достарым және сырттан ұсыныс бойынша арнайы тапсырыс беретіндер де бар.

– Қазіргі жастар мен ересектердің талғамы қаншалықты өзгеше? Жастар нені қалайды?

– Егер стилист тұрғысынан жауап берсем, әрине, екі аудиторияның сұранысы екі бөлек. Ересектер ұлттық нақышта, қазақлықтың иісін шығаруды, оюланған дүниелерді қаласа, жас буын трендті, дәл қазір сәндегі бұйымдарды қалайды.

– Кейде әлеуметтік желілерде қолөнер туындыларының қымбат екені талқыланады. Осыған келіссіз бе? Жалпы бағаны қалай қоясыз?

– Қолөнер әрқашан қымбат. Ойлап көріңіз, сіздің бір бұйымыңыздың дүниеге келуіне бірнеше күн, энергия кетеді. Сонымен қатар көз бен қолдың жұмысы бар. Мысалы күнор 80% қолмен тігілсе, 20% ғана тігін машинасы қолданылады. Әр туындыда дизайнердің бөлшегі, қолтанбасы қалады. Жоғарыда айтқанымдай, кей заттар арнайы тапсырыспен алынады. Барлығы қосыла келе бұйымның бағасы шығады. Сол себепті өзіміздің отандық өнімдер мен брендтерді қолдауларыңызды сұраймын.

– Елдегі немесе қызылордалық сән саласының мамандар арасындағы бәсекелестікті қалай бағалайсыз? Сіздің басқалардан ерекшелігіңіз?

– Шынымды айтсам, бәсекелестік жайында ойламаппын. Біздің қаламызда да білікті тігіншілер, дизайнерлер бар. Әр дизайнердің өз бағыты және өз тұтынушысы болады. «D&G» және «Prada» брендин мысалға алсақ, екеуі де италияндық, бірақ екі түрлі әлем.

Менің басқалардан ерекшелігім, минимализм мен жайлылықта. Матаның сапасына, тігісіне және адамның дене бітіміне қонымды болуына аса мән беремін.

– Саяхаттағанды ұнатады екенсіз, қай елдерде болдыңыз? Саяхат сіз үшін нені білдіреді?

– Сән астанасына айналған Италияның Милан қаласында, Ресейдегі Мәскеуде және Грузия елінің бірнеше қаласында болдым. Саяхат мен үшін жаңа тыныс, жаңа таныс, жаңа ортаны білдіреді. Әр елдің өзіндік ерекшеліктері мен мәдениеті сан түрлі шабыт сыйлайды. Елімізде де саяхаттағанды ұнатамын, әр өңірдің өзіндік колориті мен дәстүрін біліп-тану мен үшін маңызды. Жарыққа шығатын туындыларымда осыларды баяндаймын.

– Қорытындылай келе, алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз. Кәсіпті үлкейту ойда бар ма?

– Әрине, жоспарлар бар. Middle segment-те отандық өнім шығаратын бренд қалыптастырғым келеді. «Адам көркі – шүберек» демекші, тұтынушыларды сәнді, сапалы әрі ыңғайлы киімдермен қамтамасыз етсем деймін.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ

– Сән әлеміндегі жолыңыз қашан және қалай басталды?

– «Өнер әженің қанымен, ананың сүтімен дариды» дейді. Менің атам сандық жасап, бесік құрастыратын ағаш ұстасы болған. Өзім бала кезімнен сурет салғанды ұнататынмын. Үлкендердің айтуынша, 3 жасымда ағамның бояулар жинағын алып, қыл қаламмен сурет салуды бастаппын. Есейе келе сәнді киімдер мен түрлі образдар бейнелей бастадым. Бұл – Fashion illustration деп аталады. Салынған иллюстрацияларды қағаз бетінде қалдырмай, тігіп, іске асыру мақсатына айналды. Осылайша 13-14 жасымда ата-анамнан тігін машинасын сыйлауын сұрадым.

– Тігін машинасымен орындалған алғашқы толыққанды туындыңыз туралы айтсаңыз.

– Алғашқы толыққанды туындым – анамның көйлегі. Анама сыйлыққа берілген матаны әр қырынан қарап, ойлап, трапеция формада көйлек, жеңіне інжу тастар іспеттес түйме тігіп сыйлаған едім.

– Тігінші ретінде қандай қиындықтарға кездесесіз?

– Жалпы тігіншілерге Қызылорда қаласында фурнитура және тағы басқа қажетті заттардың болмауы қиындық тудырады. Қазір бастап айтсам терминология болып кетеді. Бір сөзбен айтқанда, арнайы тігін құрал жабдықтарының болмауы. Бүгінде бұл мәселені интернет арқылы оңтайландырамыз, яғни онлайн тапсырыс беру арқылы алдыртып отырымыз.

– Тігін ісі бойынша кәсіппен айналысып, табыс табасыз ба әлде тек хобби ретінде ме?

– Тігін тігу бұл менің сүйікті ісім, хоббиді табыс көзіне айналдыру әрбір адам үшін керемет болар еді. Бүгінде «Person» сауда үйінде стилист маманы қызметінде жұмыс істеймін. Жұмыстан тыс уақытта өзімнің сүйікті ісіммен айналысамын. Қалай айналасамда сән әлемінен ашақтамадым.

– Кейсінізбен бөліссеніз...

– «Көмшат» киім ательесінен тағылымдамадан өтіп, киізден «Торғын киіз» коллекциясын басып шығардық. Бұл коллекция – «Сән мен сахна» байқауында жеңіске жеткен топтамалардың бірі. Қолөнер орталығында Aspara Fashion

Ел қорғау туралы сөз қозғасақ, есімізге алдымен автомат асынған жауынгер жігіттер елестейді. Отан үшін отқа түсетін де, жанын аямайтын да шын мәнінде соғар екені даусыз. Ал бүгінгі күні Отан қорғайтын азаматтар тәрбиелеу мемлекеттік мәселеге айналып, мінберде айтылатын тақырыптың бірі болып тұр.

Ұлға азаматтық, ер мінезділік, жігіттік тәрбие беру жетіспейтіндігі ашы шындық. Оған басты себеп отбасында ер балалардың тәрбиесіне әкелердің ықпалының кемдігі және орта білім беретін мектептерде ер мұғалімдердің жетіспеушілігінде. Бауыржантанушы жазушы М.Қалдыбай «Бала Бауыржан» әңгімесінде мынадай бір эпизодты суреттейтін бар. Бала Бауыржан интернеттан қашып келеді, сонда атасы немересіне ренжіп: «Үміт еткенім жалғыз сен едің. Елді қуанта ма десем, мені қуанта алмай жүрсін», – дегенінде Бауыржан атасынан кешірім сұрап, одан кейін тәртіп бұзбаған екен. Момыш ақсақалдың сөзінің төркініне үнілер болсақ, «тек бір әулетті емес, ұлттың үмітін ойла» деген астар жатыр.

Дәстүрімізде балаға адалдықты ту етіп ұстап, ешкімнің ала жібін аттамауды есін енді біле бастаған кезінен санасына мықтап сіңіреді. Ер балаға көбіне сырттың шаруасын тапсырған. Барып келу, тауып келу, мал қайыру, отын-су жеткізу, ат құлағында ойнау, үлкендерге құрмет сияқты шаруалар ұл балаларды ширатады. Бабаларымыз балаларына мергендіктің құпиясын үйретуге, бес қарудың қырсырын ұғындыруға күш салатын. Әсіресе «Асық ату», «Тенге алу», «Көкпар», «Бәйге», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындар арқылы ер балаларды шымыр болуға, ептілікке, шабандоздыққа баулитын. «Көкпарды» тек білек күші мықтылар ғана ойнай алды. Мұның бәрі кейін ұл баланың отбасының асыраушысы ғана емес, шынығып, шыныққан ел қорғаны, кесек тұлғалы азамат болып қалыптасуына жол ашатын.

Бүгінде тәуелсіздігімізді сақтауда, ұлт мерейін ұлықтауда патриот ұрпақ тәрбиелеу – тек ата-ананың ғана емес, қоғамның, мемлекеттің маңызды шаруасына айналып отыр. Ата-баба салтымен ер балаларға лайықты тәрбие беру өзектілігі арта түседі. Ынжық, намыссыз ер балалар қоғамға қалқан бола



ҰЛ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ



қарап ой түйесін. Балаға тәрбие беруден бұрын үлкендер өзін тәрбиелеуі керек. Отбасы мүшелерінің өзі бір-біріне құрмет көрсетуі, дастарқан басында өзін лайықты ұстауы, бірінші заңын бірі рұқсатсыз алмауы, үй шаруасына отбасы мүшелерінің түгел араласуы, тәртіпті, адамгершілік әрі гигиеналық ортақ нормаларды сақтауы ұсақ-түйек көрінгенімен ұл-қыздың өнегелі, жақсы азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

Айтарым, баланы ес біле бастаған сәттен жауапкершілікке үйрету керек. Әр ісіне жауаптылығын сезіндірген жөн. Екі жасқа дейін ұл бала мен қыз балаға берілетін тәрбие ұқсас. Ал екі жастан бастап ұл бала қыздар сияқты қуыршақпен емес, ойыншық машинаға жармаса бастайды. Бұл бойында ер балаға тән қызығушылық оянганын байқатады. Ата-ана осы кезеңнен ойын турлерін пайдалана отырып, баласын еңбекке бейімдей бастағаны жөн. Ол әрі ұқыптылыққа, икемділікке әрі шымырлыққа жәрдемдеседі.

Үлкендер ұл балалар жыласа: «Сен, еркек емессің бе, нағыз еркек жыламайды», «Сен солдатсың», «Сен бізді бағасың» деген сөздерді айтып жататынын естуі едік. Ал бүгіндері ұл балаларды мектеп бітіргенше «макуся», «накуся» деп еркелетіп жатады. Ол ұл баланың мінезсіз, шөлжаң, еркеқотай болуына соқтыруы мүмкін. Ұл балаларды атымен толық атап, істеген ісіне лайықты бағасын беріп отыру қажет.

Сондықтан мемлекет тарапынан педагогика саласына ер мұғалімдерді көбірек тартуға мән берілуі керек. Бүгінгі ұлдарды, ертенгі ер азаматтарды тәрбиелеу қоғамнан лайықты орнын алуға тиісті. Елдің қорғаушы күші ерлер екенін ескеретін болсақ, ұрпақты жастайынан тәрбиелеуге көп күш салуымыз қажет.

Абай САЙЛАУҰЛЫ,
Ұзақбай Қараманов атындағы
№262 мектеп-гимназиясының
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

алмайды. Ең сорақысы, кей жігітсмақтар қыздарға қорған болудың орнына көшеде жалғыз-жарым жүрген әйел адамдарға күш көрсетіп, ақшасын тартып алу сияқты жағымсыз әрекеттер көрініс беріп жатқаны аса өкінішті.

Отбасында ұл баланың тәрбиесінде әженің орны бөлек, өйткені балабақша мен мектепте көретін негізінен әйелдер. Әке ұлын шынықтырып, еркектік мінез қалыптауына көмектеседі. Еркектік мінез әке мен баланың жиі араласуынан, бірлесіп ойнауынан, ортақ шешімдер жасауынан қалыптасады.

Тәрбиенің үлкені өтірік айтпаудан, шыншылдықтан басталады. Берген уәдеде тұру секілді қасиеттердің артықшылықтары көрсетіледі. Тек осындай жолдармен ғана нағыз шыншыл азамат тәрбиелеуге болады. Тіптен ата-анасының өзі баласына «мені үйде жоқ дей сал» деген сияқты өтірік айтқызуы арқылы баланы өтірікшілікке бастайтыны мүлде жол беруге болмайтын нәрсе. Мұны әсте естен шығармауымыз қажет. Осыған

Адамзат тарихында дамыған қарым-қатынастың дәуірі енді басталды. Әлеуметтік желі, ғаламтордағы байланыс әрбір адамның ішкі мәдениетін ғана емес, сауаттылық деңгейін де көрсететін айна іспетті. Сіз бен біздің электронды хат алмасуымызда сөйлем құрау шарттарының сақталуы тілдік білім дәрежесінің сапасын аңғартады. Ал қазақ жастарының әлемжелідегі жазу үрдісі қай деңгейде? «Аяқсыз» қазақ әріптері мен «қысқарған» сөздер тізбегінен құтыла алды ма?



ЖЕЛІДЕГІ «ЖАРЫМЖАН» СӨЗДЕР

Бүгінде бізді толғандыратын мәселе – қазақ тілі және оның ғаламтордағы қолданысы. Себебі әлеуметтік желіде бір-бірімен хат алмасқан достар «ок», «болд», «нест», «мхм», «каксы», «супер», «гоу», «базар жоқ», «қоянның суретін салу» деген сөздерді қолданады. «Ө», «ң» әріптерін пайдалану жағынан сөз қозғамағанның өзінде жағдай алаңдатарлық. Өз ана тілімізге құрметпен қарау – әрбіріміздің перзенттік парызымыз. Ал аялдамада, қоғамдық көлік ішінде жастардың бір-бірімен сөйлескенін естіп тұрып, жүрегінің ауыратыны рас. Міне, сондықтан да тілге деген жанашырлық керекті замандастарыма айтқым келеді. Ата-аналар да баласына кішкентайынан тілді үйретіп, отбасында тек қазақ тілінде ғана пікір алмасса дұрыс.

Мұрат Әуезов былай дейді: «Егер қазіргі таңда кімде-кім баласының болашағын ойласа, кейін қай тілде оқытса да, балабақшадан бастап кемінде 3-4 сыныпқа дейін қазақ тілінде оқыту керек. Бұл – өз өмірдегі тәжірибем және

әкемнің ақылы» – деп әкесінің өсиетін айтқан. Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін білімнің тұнығынан сусындату маңызды. Мен үшін білімнің тұнығы ана тілдің арқасында ғана бойға дариды. «Ел болам десең, бесігінді түзе» демекші, еңсел ел болу үшін ең алдымен, жас ұрпақ бойына мектеп деген алтын бесіктен бастап, бала ес білгенге дейін тек қазақша білім беріп, оның рухани, қазақи иммунитетін жетілдіру керек. Ел болып, жұмылып тілімізді дәріптесең, тарихымызды, дәстүрімізді, мәдениетімізді сақтап қала алатынымыз айқын.

Әрине, әлеуметтік желіде үнемі әдеби сөз қолдану орынсыз болуы мүмкін. Оған қоса ауызекі сөйлеу әдісі деген бар. Алайда қазақ тіліне құрмет дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу арқылы келетіні белгілі. Сол себепті өзіңізді сауатты ұстап, қарсы беттегі адамның қателігін түзеді әдетке айналдыру қажет. Сонда ғана екінші жақтағы сөйлеуші де түзелері анық.

Ақерке КЕНЖЕБЕК

Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде сабын өнеркәсібі дамып келеді. Бас жууға және тазартуға арналған тауарларға қарағанда кір сабын өндірісі жолға қойылған. Мәселен, қала тұрғыны Дәулет Ізбасарұлы сабын шығару ісін қолға алып, жеке кәсібін дөңгелетуде. Ол «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы грантка қатысып, 4,5 млн теңгеге ие болған. Гранттық қаржыға шехты кеңейту және «Ұнтақ өндірісі» жобасын жүзеге асырмақ. «Әділет» цехында тұрмыста тұтынатын кір сабын шығарылады. Онда тәулігіне 2000 дана сабын өндіріледі.

– Біздегі басты мақсат – өнім сапасына мән беру, ел игілігіне қызмет ету. 2021 жылы өндіріс саласына бет бұрып, сол жылдың 5 қаңтарынан бастап, өз қаражатыммен Өзбекстан мемлекетінен соңғы үлгідегі станоктарды алдырып, кір сабын шығаратын шехты іске қостық. Осыған дейін бұл өндірістің жұмысы тоқтаған жоқ. Біршама тұтынушы жинап, жұмысымызды жалғастыра бердік. Бастапқыда күніне 300-400 дана шығаратын болсақ, қазір тәулігіне 2000 дана өнім өндіріледі. Содан бері кәсібімізді кеңейтіп, басқа да істі қолға алуды жоспарлап, кір жуатын ұнтақтың бизнес-жобасын әзірледік. Соның нәтижесінде облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жариялаған мемлекеттік қайтарымсыз гранттар конкурсына қатысып, грантка ие болдым.

Кәсіп – береке бастауы. Сондықтан кез келген адам кәсіпкер бола алады. Ең бастысы, бастаған ісін адал болу керек. Талмай еңбек ету қажет. Талпынған адамға еңбек етуге мүмкіндік көп. Сонымен қатар кір сабын кәсібін де барлығы да жүргізіп кете алады.

– Жоғарыда айтып өткенімдей, жаңа станоктарды 2 ай уақыт бұрын ғана іске қосып, алғашқы бір тонна кір жуатын ұнтақты сатылымға шығардық. Иіссіз қоспаның адам денсаулығына тигізер зияны жоқ. Сонымен бірге кір сабын да иіссіз етіп дайындалады. Мұнда 20 адам тұрақты жұмыс істеп,

отбасын асырауда. Алдағы жоспарым, бұған дейінгі соғылған бұрынғы шехтың орнына автоматтандырылған станоктарды алып келу арқылы бұдан да басқа тазалау қоспаларын шығарсақ дейміз. Мәселен, кір жуатын ұнтақтың өзге де түрлерін, ыдыс жуатын гель, денеге және шашқа арналған шампунь, сұйық сабындарды өндіріп, халықты жұмыспен қамтуды көздеудемін, – деді «Әділет» өндірістік-техникалық кәсіпорнының басшысы Дәулет Ізбасар.

Кәсіпкердің талпынысы көңіл қуантады. Алдағы уақытта Сыр елі сапалы сабынымен мақтанатын күн алыс емес сияқты.

Ақерке КЕНЖЕБЕК



ЖАСТАР САЯСАТҚА ҚЫЗЫҒА МА?

«Саясатпен сен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген сөз бар ғой. Осы күндері түрлі саяси науқан көбейіп кетті. Бірақ оған қызығып, кері пікір білдіріп жатқан жастарды көрмейсің. «Болашақ – жастардың қолында» деп, бар жауапкершілікті жастарға үйіп-тоғуде. Бірақ бүгінгі бұрынғы саясатқа, елдің әлауына деген көзқарасы, қызығушылығы қалай? Жастар осындай міндет пен жүктерді алғысы келе ме? Жазбамыз осы сауалдарға жауап аясында өрбісін.

Болашақты жастарға бер не, берме не, бәрібір де келешектің кілті, тағдырдың тізгіні оларға сөзсіз табысталады. Дегенмен жастар бұған құлықты емес сияқты. Мұны жүргізген сауалнама арқылы білдік.

Әлеуметтік желідегі парақшаға «Саясатқа қызығасыз ба?» деген сауал қойдық. Аудиторияның басым көпшілігі жастар еді. Десе де жауап берген 70-ке жуық адамның жартысынан көбі егде жастағы кісілер. Оның 90 пайызы – «иә» десе, 10 пайызы ғана «жоқ деп жауап берді. Сұрыптасақ, сол 90 пайыздың барлығы 35 жастан жоғары азаматтар. Қызығын қараның, сұраққа жауап бергісі келмегеннің көбі жастар. Демек олар саясатқа қызықпайды. Есесіне қоғамда қолына түрлі партияның папкасын алып, саяси тұлғалардың көмегісіне айналғандар, болашақта саяси мәселелердің сарапшысы болуды көздейтіндер де жоқ емес.

Хош. Саяси мәселелер қызықтыра ма? Студенттер осы сұраққа өзі жауап беріп көрді.

– Саясатты басқаша түсінемін. Сондықтан ол – қызық. Ал еліміздегі саяси оқиғаларға баланып жатқан науқандар, сайлаулар, билік пен бұқара арасындағы диалог ішкі мәселелер секілді. Ол онсыз да болатын дүниелер. Ал мен білетін саясат – идеология. Мемлекеттер арасындағы соғыс, астыртын әрекеттер. Осы жөнінде сұраған болсаңыз, иә, саясат мені қызықтырады, – деді студент Бек Ғанұлы.

Ал Аруна Сәкенқызының ойлауынша, саясат жастар үшін емес, үлкендердің жұмысы.

– Саясатқа жастардан гөрі 50 жастағы адамдардың барғаны дұрыс секілді. Өйткені жастар мемлекеттің саясатына үлес қосып жүргенде отбасылық жағдайы мен тұрмыстық әл-ауқатын қашан түзеп үлгереді? Сондықтан жастық уақытты саясаттан бұрын, отбасыға, жеке дамуға арнау керек деп ойлаймын. Ал осы сатыдан өткен адам өзі де саяси көзқарасқа дайын болып шығады, – деді ол.

Сауалымызға енді бір жас былай жауап берді.

– Сен қала не, қалама не, өмірдің барлығы саясат қой. Қазіргі жүріс-тұрысымыз да, ішіп-жеуіміз де саясатқа айналып кетті. Өмір сүру деген саясат болса, біз саяси кейіпкерміз. Өз басам саясатқа амал жоқ көңіл бөлемін. Әйтпесе болмайтын секілді, – деді студент.

Айтқандай, күнделікті тыныс-тіршілігіміз саяси оқиғалармен астасып жатыр. Көптің пікірі осы. Бұдан бөлек «саясатты түсінбеймін» деп пікір білдіруден бас тартқандар да жетерлік. Жалпы, бүгінгі жас қандай саяси жағдайларды білуі керек? Олардың қызығушылығының төмендігі елдің болашағына кері әсерін тигізе ме? Оны оқырман өзі таразылап көрер. Бірақ қазіргілерге қарап, білгеніміз – осы.

Дамир СЕИЛХАНОВ

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ

Соңғы онжылдықта шет тілін үйрену үдерісі қарқын алып келеді. Әлемдік жаһандану мен интеграция нәтижесінде қоғамдық өмірдің барлық саласында шет тілінің қарым-қатынас құралы ретіндегі, яғни білім беру, ғалымдар тағалымдамасы, бірлескен кәсіпорындар, туризм, көрме және тағы басқа мәдениетаралық байланыстарда тіл білудің артықшылықтары басымдыққа ие. Сонымен бірге тұлғалық және кәсіби дамуға шет тілінің мүмкіндігі зор.

Шет тілін білу қазіргі заманғы ешкім шек қоя алмайтын талабына айналып отыр. Осы орайда ағылшын тілін оқытуда әртүрлі озық технологияларды қолданудың маңызы аса зор. Ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаты – коммуникативтік қатынасты дамыту, ал жеке тұлғаны қалыптастыру гуманитарлық бағытта негізделген. Шет тілін үйрету

– қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылатын – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету, ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнсерлеп оқу өте маңызды.

Менің ойымша, мектеп жасына дейінгі балаларға шет тілін оқытуда лингвонды кабинеттердің, электронды оқулықтардың, ата-аналарға арналған арнайы нұсқаулықтардың ықпалы зор. Мұндай инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқыту барысында айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдылары біртіндеп дамиы. Сонымен қатар электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауына негіз қаланады. Ал қашықтан оқытуда мультимедиялық инновациялық

технологияларды, Алма палубасы (Pear Deck), Padlet виртуалды тақтасы, Google презентациясы, Google сайттары, Jamboard онлайн тақтасы және студенттердің білімін тексеру үшін Socrative, Quizizz, Google формасы тиімді.

Шетел тілін қазақ және орыс тілімен қатар оқыту арқылы мұғалім оқушылардың тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймайды, оларды өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне де үйретеді. Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру мектепте берілетін білім мазмұнының негізгі мақсатына айналуы шарт.

Жарқын ОРАЗЫМБЕТОВА,
Қармақшы ауданы,
Жанқожа Батыр атындағы
№269 орта мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

ЕЛІНЕ МҰРА ЕҢБЕГІ

Биыл ғалым, геолог және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Ол – Қазақстан ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғылымдар институтын құрушы. Міне, осындай ерен еңбек несі қазақ даласына ғылымның денгейленуіне күш салып, көптің көкірек көзін ашты. Атаулы дата қарсаңында ғалымның өзге де жетістігін тарқату орынды секілді.

1921 жылдың басында Қаныш Сәтбаевтың тағдыры бір кездесуден кейін күрт өзгереді. Ол асқыған туберкулезден қиналып, қымзыбен емделген-ді. Осы кезеңде Баянауылға емделуге кеңес

геологы Михаил Усов келеді. 22 жастағы жігіт геология туралы әңгімелерге қызығып, 1921 жылы халық сотындағы қызметін тастап, Томскідегі техникалық институтқа түседі. 1922 жылдың басында дерті Сәтбаевтың жолына тағы да тосқауыл болады да, жас өрен ауылына қайта оралады. Бірақ Қаныш оқуын тоқтатқысы келмей, үйінде университет курсынан өтемі деп шешеді. Бұған Баянауылға жігі келетін Усов көмектеседі. Сәтбаев жарты жылдан кейін университетке оралып, 1929 жылы оны сәтті аяқтайды.

Көп ғасыр тарихы бар қазақтардың арасында тұңғыш геолог атанған Қаныш Сәтбаев Жезқазған және Қарсақбай ауданындағы басқа да пайдалы қазбалар кен орындары геологиясын зерттеді. Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді, оның жетекшілігімен бұрғылау мастерлері, сызба сызушылар, прорабтар және т.б. кадрлар қалыптасты. Қазақстандық ғалым Жезқазған мыс кен орнының қоры бұрынғыдан әлдеқайда көп екенін дәлелдеді. Осы жаңалық үшін оған 1940 жылы КСРО жоғары мемлекеттік наградасы – Ленин ордені берілді. Кейінірек оған тағы төрт орден табыс етілді.

Қаныш Сәтбаев соғыстан кейінгі жылдары елдегі ғылымда жүрген адамдардың басып қосып, Қазақ ғылым академиясын құрды. 1946 жылы ашылған ҚазКСР ғылым академиясының алғашқы президенті болып Қаныш Сәтбаевтың сайлануы кездейсоқтық емес. 1947 жылы наурызда Қаныш Сәтбаев КСРО жоғарғы кеңесінің депутаты ретінде Лондонда Уинстон Черчилмен кездеседі, сол кезде саясаткер одан “Өзге қазақтар да сіз сияқты бойшаң ба?” деп сұрағанда, академик: “О не дегеніңіз, Черчилль мырза, олай емес, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентаймын! Халқым менен де биік” деп жауап берген екен.

Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогениялық карталарын қолдану арқылы ғылыми болжам, экстраполяция мен мәліметтерді болжау бірнеше онжылдықта металл кендерінің бай кен орындарын ашуға мүмкіндік берді. Шағыраңқы фактологиялық айматқық мәліметтерді Орталық Қазақстанның біртұтас кешенді геологиялық картасына жүйелеу Қ.Сәтбаевқа кеңістікте орналасу заңдылығы туралы іргелі және әмбебап ғылыми тұжырымдар жасау-

ға мүмкіндік берді. Таңқаларлығы сол – бұл ғылыми тұжырымдар, сандық математикалық есептеулер мен мәліметтер компьютерлік ынталануды дәуіріне дейін жасалғаны және қазіргі кезде олардың ғылыми дәлелденгені.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интелектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес.

Жанар ҚАПАНОВА,
Т.Рыскулов атындағы
№222 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі

FA40 АШЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ: ЕКІ МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ

Мысырдың Гиза қаласында қаңтардың 23-28 күндері аралығында өткен пара үстел теннисінен Fa40 ашық чемпионатында отандастарымыз 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды.



Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің мәліметінше, жарыста аралас жұп разряды бойынша Талғат Эрекеев пен Алтынай Ержанқызы күміс медальға қол жеткізді. Ал жұптық разрядтағы сайыста Али Махулбеков пен Талғат Эрекеев қола жүлде иеленді.

Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының пара үстел теннисінен команда басшысы Ерлан Досмаиловтың айтуынша аталған жарыс – Париж-2024 Паралимпиадасына қатысу үшін өткен рейтингтік жарыстардың бірі.

«Пара үстел теннисінде рейтингтерге ұпайлар Fa20 және Fa40 жарыстарында беріледі. Fa40-тың ерекшелігі рейтингке жоғары ұпайлар беріледі және жарысқа тек Fa20-да сайысқан спортшылар ғана қатыса алады. Жалпы жыл көлемінде Fa40 жарыстары 5 рет өтсе, Fa20 шамамен 20-25 рет өтеді. Жуырда наурыз айында Астанада тұңғыш рет рейтингтік Fa20 ашық чемпионаты өтетін болады. Оған 14 елден 135 спортшының қатысатыны жоспарланған», – деді Е. Досмаилов.

Айта кетсек, аталған Fa40 чемпионатына 27 елден 190 спортшы қатысты.

ПРЕМЬЕР-ЛИГА ОЛЖАСЫ

Франция астанасы Парижде WKF каратэден әлемдік рейтингте топ 32-ге кіретін спортшылар ғана қатыса алатын «Karate 1 Premier league» сайысы өтті. Қаңтардың 26-28 күндері аралығында өткен премьер-лига бәсекесінде жерлестеріміз 3 қола жүлде жеңіп алды.



Нақты атағанда, Мөлдір Жаңбырбай (50 келі), Гүлмира Үсенова (55 келі), Абылай Төлтай (+84) өз салмақтары бойынша үшінші орын тұғырынан көрініп, қола медальды еншіледі.

Спорт комитеті мәлім еткендей, аталған турнирде 66 елдің 366 спортшысы 10 салмақ бойынша жүлде жиынтығын сарапқа салды.

КАБИРХАН ТАҒЫ ТОП ЖАРДЫ

«Кабирхан» атымен танымал қазақ сәйгүлігі Дубайда өткен Al Maktoum Challenge Presented by Longines бәйгесіне қатысып, тағы да топ жарды.



Кабирхан таңдаулы аттар арасындағы жарыста жеңістер сериясын сәтті жалғастырды. Оның қарсыластары өткен жылдың тәжірибелі жеңімпаздары Мими Какуши мен Атлетико Эль Кулано, Клэптон, Фёрст Конститьюшен, Милитари Ло болды. Бәйгеге әлемнің түкпір-түкпірінен ең жүйрік деген 12 тұлпар қатысты. Батысқазақстандық сәйгүлік мәре сызығын бірінші болып кесіп, бас жүлде – 1 миллион долларды жеңіп алды.

Бұған дейін Кабирхан 12 қаңтарда Дубайдағы әйгілі «Мейдан» ипподромында 2000 метр қашықтыққа шабудан жеңіске жеткен болатын.

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

Келер жылы әлемнің 205 елінен 10 мыңға жуық спортшының қатысуымен өтетін Париж олимпиадасы күтін тұр. Аталған доғаға біздің елдің атлетшілері спорттың 20 түрі бойынша бақ сынауға ниетті.

Министрліктің ақпаратынша, қазіргі таңда ел қоржынында 2024 жылғы Париж олимпиадасына спорттың 8 түрі бойынша (садақ ату, грек-рим күресі, еркін күрес, спорттық гимнастика және бокс тағы басқа) 17 лицензиясы бар. Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзабосынов Париж олимпиадасына барлық күш-жігерді салу қажеттігін айтты.

ПАРИЖДЕН

Дегенмен де, дзюдодан ұлттық құраманың нәтижесі көңіл көншітпей отыр. Оны соңғы додалардан байқауға болады. Франциядан келген үш маман Қазақстанда жұмыс істеп жатқанына екі жылдай уақыт өтсе де, жеткен жетістік мардымсыз.

Кешегі Токиода өткен Grand Slam-ның нәтижесі өте нашар деуге болады. Әлемдік қатарлас мемлекеттердің дзюдо ережесіне сай бүгінгі спортшыларымыздың татамидің үстіндегі тәсілдеріне қарап, шынымен көңіліміз түсіп отыр. Соған қарамастан, біздің бірнеше салмақ дәрежесі бойынша үмітіміз әлі де бар. Қазіргі кезде 60 келі салмақ бойынша Азия ойындарында өнер көрсеткен Мағжан Шамшадиннің жарарат алуына байланысты, операция жасалады. Ол қайтадан қатарға қосылатын болады. Жалпы 60 келі салмақта үш спортшымыз бар, олар олимпиаданың екі дүркін жүлдегері Елдос Сметов, Нұрқанат Серікбаев және Мағжан Шамшадин. Олар белек әлем чемпионатының қола жүлдегері Әбиба Әбужақынованы айта кетуге болады. Рейтингіте қай спортшы алда болады сол олимпиадаға барады, – дейді спорт комитетінің басшысы.

Ербол Мырзабосынов осы жарыстардан кейін аналитика жасап, іштегі бар жаттықтырушылармен ғылыми топ құрып, осы проблемаларды анықтаймыз деп отыр.

Федерация тарапының берген ұсыныстары бойынша министрлік толық қолдау берген болатын. Осы мәселелерді анықтап, алдағы жарыстарға дайындалып, спортшылармен дұрыс жоғары нәтижемен келуіміз керек, – дейді ол.

Был Қазақстан әйелдер құрамасы ерлерге қарағанда жақсы нәтиже көрсетті. Мәселен, ел қоржынына Азияданың алғашқы жүлдесін түсірген дзюдошы Әбиба Әбужақынова Ханжюода



Қазақ дзюдошылары 2023 жылы әлемдік Grand Slam, Grand Prix және Азия ойындарынан барлығы 27 медаль жеңіп алды. Grand Slam бәсекелерінде 1 алтын, 5 күміс, 11 қола. Grand Prix де 1 алтын, 2 күміс, 2 қола. Ал Азия ойындарында 1 күміс, 4 қола медаль иеленді. Тарихта тұңғыш рет қазақтың екі қызы Grand Prix жарысының финалында өнер көрсетті. Қазақ қыздары Азия ойындары мен Grand Slam жарыстарының финалында күресті. Бұл Қазақстандағы әйелдер дзюдосы ақырында дамып келе жатқандығын көрсетеді. Ал ерлер құрамасы өкінішке қарай нашарлау болып тұр, – деді ол.

Сондай-ақ, спорт сарапшысы Биыл дзюдодан Қазақстан ерлер құрамасының нәтижесі көңіл көншітпегенін айтты.



ҮМІТ МОЛ

Әлем чемпионатында біреуі де медаль ала алмады. Азия ойындарында да айтарлықтай нәтиже көрсете алмай, 3 қола медаль ғана иеленді. Әлемдік Grand Slam, Grand Prix жарыстарындағы нәтижелері төмен болды. Бұл дзюдоға дұрыс жүйе қойылмағанын салдары деп ойлаймын. Ескі тәсіл, өзгермеген жүйе осындай нәтиже беруде. Құрамада резерв жоқ, бәсекелес жағдай төмен. Бұған дейін Елдос Сметов талай жыл құраманы жалғыз өзі сүйреді. Қазір ол спортшы бұрынғыдай емес, деңгейі түсіп кеткен. Биыл бірде-бір жүлде ала алмады. Құрамада өсіп келе жатқан жас дзюдошылар жоқ емес. Бірақ оларға жоғары нәтиже көрсетуге уақыт керек, – дейді ол.

Ол француз мамандарының келуінен айтарлықтай пайда болмай тұрғанын айтты. Мүмкін алдағы уақытта бір нәтижемен берер. Мұның бәрі уақыт еншісінде деп отыр.

Біздің жігіттер функцияналдық және физикалық тұрғыда нашар. Тез шаршап қалады. Негізгі мәселе – құрамада дәрігер мен фармацевтің жоқтығында. Қазір әлемде спортшының физикалық-психологиялық қабілетіне емес, спорттық медицина мен ғылымның жетістіктеріне сүйенді. Құрамада спорттық дәрігер тапшы. Спорт психологы да жоқтың қасы. Дзюдо деген тұнып тұрған «ғылым». Бізде ғылыми тұрғыда жолға қойылмаған. Бұл мәселені федерация жақсы түсініп отыр. Уақыт өте тығыз. Олимпиадаға аз уақыт қалды. Сондықтан бұл мәселені тез арада қолға алу қажет, – деді спорт сарапшысы Анық Көкенайұлы.

Министрлік енді халықаралық спорт ұйымдарында қазақстандық мамандардың өкілдігі және әлемдік деңгейдегі төрешілерді даярлау бойынша жұмыстарды күшейтпек. Өйткені олимпиадалық спорт түрлері бойынша 128 федерацияның 20-сы ғана халықаралық аренада өкілдіктерге ие екен.

Microsoft Windows-ке лайықталған көп қолданбалы компьютер ойындары қазір кең таралды. Тіпті аталған ойындарды ойнай алудың өзі шеберлік саналып, оған «киберспорт» атауы берілді. Киберспорт қазіргі заман тинейджерлері үшін таңсық емес. Ойығын жастардан бөлек, тіпті ересектер де қызығушылық танытып келеді.

Қазақстанда кейінгі уақытта киберспорттың даму тенденциясы байқалауда. Осы бағытта Киберспорт федерациясы мен альянсы қызмет етеді. Киберспорт федерациясының өкілі Талант Рамазан «Хабар-24» телеарнасына берген сұхбатында «киберспорт Қазақстанда кеше пайда болған жоқ» деген пікір айтты. Оның дамығанына 20 жыл болды. Компьютерлік ойынның түбін түсіретін жастар «Гамбите спортс» деген топ та құрған. Кейіннен киберспортқа қызығатын қыз-жігіттер бірігіп, федерация құрып, өз ұсыныстарын министрлікке жеткізеді. Өткен жылдың 25 маусымынан бастап елде киберспортпен шұғылданатындар ресми спортшы ретінде танылды.

Қазіргі уақытта киберспортта Dota-2, Counter Strike, Liga of legends



аптасына 2-3 сағаттан көп уақыт бөледі. Сондықтан біз бір жағынан киберспортшылардың мүддесін қорғауымыз керек. Екінші жағынан мемлекеттің, қоғамның мүддесін ұмытпауымыз керек. Өйткені киберспортпен айналысатын азамат оқуын тастап кетпеуі қажет. Спортпен шұғылданып, отбасын құрып, кәсіпін алуы, ЖОО-ға түсуі керек. Яғни, киберспорттың дұрыс жолмен дамығаны жөн», – дейді Т.Рамазан.

Киберспортты қолдау бойынша өткізілетін чемпионаттар мен арнайы лигаларға шет елдерде ауқымды қаражат бөлінеді. Мәселен, АҚШ-та 2017 жылы өткен International Dota-2 киберспорт ойынының жүлде қоры 24 миллион долларды құраған. Бас жүлдені жеңіп алған құрама жүлденің 50%-ын қанжығасына байлап, 12 миллион АҚШ долларын еншілеген.

Ал Қытай 2018 жылы бұл спорт түріне бюджеттен 14 миллион долларға жуық инвестиция бөлген. 2018 жылға дейін Қазақстанда киберспорттан шағын ғана турнирлер өтіп, оларға бөлінген жүлде қоры 20 мыңнан 100 мың теңгеге дейінгі аралықты құраған. Дегенмен киберспорт өкілдері соңғы жылдары қаржы бөлу жағынан да оңтайланып келе жатқанын алға тартады. Оған өткен жылы

COUNTER STRIKE, DOTA, TANK:



КИБЕРСПОРТТЫҢ КЕЛЕШЕГІ БАР МА?

Ойындары танымал спорт қатарына енді. Осы тұрғыда «киберспортшы кім?» деген заңды сауал туындайды. Федерация өкілі Талант Рамазан «тек бір тетікті басып қойып, бос уақытыңда ойынның қызығына берілетін адамды киберспортшы деп атай алмаймыз» деген пікірде. «Оны тек өзің сүйікті ісімен, яғни хоббиімен айналысатын жан деп қарау керек. Киберспорт дегеніміз – белгілі бір құраманың құрамында бар немесе жаттықтырушысы бар азамат. Оның алдына белгілі бір талаптар қойылады. Мысалы, алты ай ішінде менің көрсеткішім 10-денгейден 15-денгейге жетуі керек деген сияқты. Мен сол үшін нақты жоба бойынша жұмыс істеуім керек. Ал біз федерация ретінде осыған тағы қосымша талап қойып отырмыз» дейді ол.

Ал Киберспорт альянсының жетекшісі Ержан Оналбаев бұл пікірмен келіспейтінін айтады. Оның сөзінше, киберспортшыларға ең басты қойылатын талап – жаттығудан бұрын мықты концентрация және жылдам реакция. Ол «Киберспортты міндеттеу дұрыс емес» деген пікірде. Федерация өкілі Талант Рамазан киберспортқа қолдау танытуда мемлекеттен жәрдем күтпейтіндерін алға тартады. Себебі киберспорт олимпиадалық спорт түрлерінің санатына кірмейді. Дегенмен федерацияның жақын арада киберспорттың да өзге спорт түрлерінедей әлеуеті барын, спортшылар да арнайы регламент аясында жұмыс істеп, жаттығатынын әрі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп жатқанын таныту жоспарында бар. Мәселен, осы жылдың қыркүйегінде Қазақстанда

киберспорттан онлайн-лига өтті. Киберспорт федерациясының басшысы Қуанышбек Есекеев өзінің Facebook-тағы парақшасында ойынға бүкіл республикадан 1500 киберспортшы қатысқанын жазды. Федерация 12 аталым бойынша ірі онлайн-лига өткізе алды. Ал шетелдік сарапшылар Қазақстанда киберспорт эхожүйесінің жылдам дамып келе жатқанын айтады. Бұл сөзді федерация да растап отыр. «Киберспорт түріне миллионнан астам, көбіне 15 пен 45 жас аралығындағы ер адамдардың 85-90%-ы, ал қыз балалардың 5-10%-ы қызығады. Қазақстанда компьютерлік ойындарды ойнамайтын жас азамат жоқ. Жүз адамның 98%-ы киберспорттың қандай да бір түріне қызығады, ойнайды. Соның ішінде жүз адамның 30-40%-ы компьютерлік ойындарға

«Транстелеком» ұйымдастырған, жақында ғана өткен киберспорттан онлайн-лиганың өтуі дәлел бола алады. Федерация мен альянс өкілдері спорт түрін қолдауда отандық кәсіпкерлермен де келіссөздер жүргізіліп алға тартады.

Компьютер мен технологияның дәуірінде заман спортқа да өз ықпалын тигізді. Бүгінде алдыңғы қатарлы мемлекеттер ресми спорт түрі деп қарайтын киберспорт Қазақстанда жана даму жолына түсті. Оның қаншалықты әлеует беріп, спортта елдің бәсін басым ететіні уақыттың еншісінде. Дегенмен тек компьютерге тәліміртіп қоймай, күшті ми еңбегі мен логиканы қажет ететін спорт түріне қолдау танытып, оған спорт аренасында жол ашудан ұтылар тұс жоқ секілді.

Қызылордадағы «Araу City Mall» сауда, ойын-сауық орталығының ашылғанына – 5 жыл. Шаһардың саулетіне сән қосқан ғимараттың басқа сауда орындарынан ерекшелігі неде? Кәсіпкерлік нысан саланың дамуына қаншалықты ықпал етті?

ARAУ CITY MALL: ҰЛТТЫҚ САНА МЕН САПА АЛДЫҒЫ ОРЫНДА



ӘЛЕМДІК БРЕНДТЕРДІҢ «БАСЫН ҚОСТЫ»

«Araу City Mall» ойын-сауық орталығының құрылысы 2016 жылы басталып, 2018 жылы ел игілігіне берілді. Орталықтың аумағы – 30 мың шаршы метр. Осы кезге дейін сауда орны 15 миллионға жуық адамға қызмет көрсетті.

Сауда жасауға әрі демалуға арналған орталықтың ашылуы қала тұрғындарын қуантқан елеулі жаңалық болды. Осылайша брендтік өнімді ұнататындар үшін Қызылордада таңдау жасау мүмкіндігі туындады. Бұрын Алматы, Астана, Шымкент секілді мегаполистерге қызығудың бір себебі ірі сауда орындарының болуында еді.

«Araу City Mall»-да еліміздегі ең ірі гипермаркет сауда желісінің бірі «Magnum Cash&Сагу» 2018 жылы ашылды. 2019 жылы ғана «Araу City Mall» толықтай жұмысын бастады. Тәулік бойы қызмет ететін «Magnum» сауда желісінің ең үлкені Алматы қаласында, көлемі 11 мың шаршы метр болса, одан кейінгісі (8 мың шаршы метр) Қызылордадағы филиалы.

Мұндағы дәріхана да келушілерге 24 сағат бойы қызмет көрсетеді. Ал, екінші қабатта соңғы үлгідегі заманауи технологиямен жабдықталған 8 залы бар Қазақстандағы кино желісінің бірінші нөмірлі операторы Kіnoplexx орналасқан. Кинотеатрдың кең залы, жайлы орындар, қызықты кино тізімі жастардың «Araу City Mall»-ға жол тартуына негізгі себеп болып тұр.

Сондай-ақ орталықта әлемдік деңгейдегі «LC Waіkiki», «Flo», «Детский Мир», «Спорт Мастер», «O'stin», «Kагі» брендтерінің дүкендері бар. «Бургерлердің атасы» делінетін америкалық Burger

King-те осында орналасқан. Иә, екінші қабаттың көп бөлігін, фуд-корт тамақтану алаңы алып жатыр. Мұнда еліміздегі әйгілі фудбрэндтер дәмді және тез дайындалатын тағамдар ұсынады.

Ал отбасылы жандардың да мұнда жиі келуінің басты себебі – кішкентайларға қызық ойын алаңы «Funky town» болып тұр.

Сонымен, «Araу City Mall» – бірқатар әлемдік брендті бір нысанға жинаған Қызылордадағы ең ауқымды сауда орны.

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ БАР

Орталық 2019 жылы жұмысын 50-ге жуық кәсіпкермен бастады. Бүгінде олардың саны 120-дан асты.

– Бұл көрсеткіш кәсіпкерлерге жайлы орталық болғанымыздың дәлелі. Сауда орнын сұрап, Ресейден, Астана, Алматы қалаларынан хабарласатын кәсіпкерлер бар. Бірақ біз бірінші кезекте жергілікті кәсіпкерлердің сұранысына басымдық береміз. Өйткені бизнес бастаған қызылордалықтар кәсібін дамытса екен деген ниетіміз бар. Жалпы серіктестерімізге уақытылы қызмет көрсету, халықпен мәдениетті жұмыс істеу, имидже нұқсан келтірмеу турасында талап қоямыз, – деді орталықтағы «Қоғаммен байланыс» бөлімінің басшысы Ерболат Тұрсынқожа.

Бізге әсіресе «жергілікті кәсіпкерлердің ұсынысына бейкам қарамаймыз» дегені ұнады. Себебі, қызылордалықтар кәсібін «Araу City Mall»-да бастап, әрі қарай танылып, жеке орталық ашып жатса, қаладағы кәсіпкерліктің дамуына бұл да бір қолдау болмақ.

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫН МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА

Мұндай ауқымды сауда, ойын-сауық орталықтарының әр қалада болуы маңызды. Адамдар жиі бас қосатын қоғамдық орын қала мәдениетіне де едәуір

ықпал етеді. Өртүрлі әлеуметтік топтағы тұрғындар мен қала қонақтары жиналатындықтан, бір-біріне қарап ой түйетіні, талғам қалыптастыратыны рас.

Айта кетерлік, мұнда мезгіл сайын атриумдағы декорация өзгереді.

– Әр мерекеге сай интерьерді ғана емес, ішкі музыканы да өзгертіп қоямыз. Әдемілікпен қатар мағыналы әуен де адамдарға рухани тұрғыда әсер етеді. Әсіресе, жанымызға жақыны – 22 наурыз мерекесі. Ұлыстың ұлы күнінде бауырсақ пісіріп, концерт ұйымдастырып, барлық қызметкер қазақы нақыштағы киім киіп, күллі Шығыс жұртына ортақ мерекені ерекше атап өтеміз. Көпшілік жиналатын орын болғасын әр мерекенің өзгеше форматта өтуін алдын-ала ойластырамыз.

Сондай-ақ қала әкімдігі, «Қоғамдық келісім» КММ, орталық музей, оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, бірлескен жұмыстар атқарудамыз. Қала тұрғындары үшін пайдалы әрі қызықты іс-шаралардың ұйымдастырылуына, көпшіліктің жиналуына қолдау білдіру маңызды, – деді Ерболат Тұрсынқожа.

Бір қарағанда, тек сауда-саттыққа бағытталған нысан көрінгенімен, мұндай орталықтардың экономикалық жағдайға, тұрғындардың мәдени дамуына қосар үлесі зор. «Araу City Mall» туралы жазу барысында осындай ойға келдік. Сондықтан сауда орны басшылығының санды ғана емес, ұлттық сана мен сапаны алдыңғы орынға қоятыны қуантты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Ертеде ағайын-туыс жиында, тойда, мерекеле бас қосып, жағдай біліскен. Ал ақпараттық технология дамыған сайын адамдар заман талабына сай ғаламтордың көмегімен бір-бірімен кездеспей-ақ, алыстан хат алмасып, хал-жағдайы туралы хабардар болып жүр. Қазір уақыт тапшы. Осындай кезде ғаламтордың адамзатқа жасаған игілігіне бас несің. Төменде «ғаламторда танысу дұрыс па, әлде бұрыс па?» сауалын талқылап көрген едік.

Өздеріңіз білетін әлеуметтік желілер адамдардың ыңғайына қарай оңтайландырылып, әрдайым даму үстінде. Тек бір-екі тетікті бассаңыз болғаны, барлық дерлік ақпарат қолыңызда. Осыдан 10 жыл бұрын «Mail.ru агент» арқылы танысып, бүгінде бақытты отбасы болып отырғандар бар. Видео арқылы қоңырау шалу, суреттер жүктеп, пост салу, сондай-ақ тікелей эфир секілді функциялар бейтаныс адамдармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Яғни, сіз және сізді танымаған жандар интернет арқылы етене жақын бола алады.

Мәселен, қазіргі қоғамда жастар бетпе-бет танысуға қарағанда, әлеуметтік желі арқылы байланысқанды ыңғайлы деп есептейді. Расымен де солай, жасқаншақ адамдар үшін кездесіп танысу қиындық тудыратын құбылыс. Сонымен қатар уақыт пен ақша құртып, кездесуге барудың қажеті

жоқ. Сол үшін танысуға арналған сайттар мен платформалар жұмыс істей бастады. «Tinder», «Badoo», «Love planet» және т.б. әлемге ең танымал танысуға арналған мобильді қолданбалар. Олар арқылы өзіңізге қандай адамдардың ұнайтынын белгілеп, көңіліңізден шығады деген жандармен байланыса аласыз.

Хабарламаға міндетті түрде бірден жауап катуды керек етпейді, сыртқы келбетіңіз үшін алаңдаспаңыз да болады.

Егер жұбыңыз басқа қалада тұратын болса, қашықтықтан хабар алмасып тұруға мүмкіндік береді. Сол секілді бірнеше «плюстар» бар.

– Жұбайыммен «Mail.ru агент» арқылы таныстым. Басында хат алмасып, кейіннен дос болып, соңында көңіліміз жарасты. Жеке шекаралардан аспағанымыз сонша, танысқаннан ұзақ уақыт өткен соң білдік бір аудан тұрғыны екенімізді. Сонда да бір-бірімізді әбден танып болған соң ғана кездесуге шықтық. Қазіргі кезде 4

бүддіршіні тәрбиелеп отырған бақытты отбасымыз, – дейді оқырман Гүләйна Бейбітқызы.

Алайда интернет таныстықтың аяғы қайғылы оқиғаларға да ұласқан жағдайлар да аз емес. Бұл ғаламтор арқылы танысудың ең қауіпті тұсы десек те болады. Сөзімізге тұздық ретінде, көптеген нәзік жандылардың әлеуметтік желіде танысқан бейтаныс азаматтардан жапа шегіп, орны толмас қайғыға әкеліп соққан жағдайларын естіп жатамыз. Адамдардың пияғылы жалынды хабарламаларынан білу мүмкін емес. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанда әйел адамды ғаламтор кеңістігінде танысқан ер адаммен кездесудің соңы өліммен аяқталды.

Алматы қаласында болған 19 жасар Аяжан Еділбаеваның да жан түршіктіретін қазасы үрей тудырады. «Махаббатты» сылтауратып, алаяқтарға жем болғандар біршама. Тағы да айта кететін жайт, желіде буллингке ұшырау қаупі басым. Себебі психикасы нашар, сізді қорлап, намысыңызға тиетін әрекет жасайтын адамдар болуы ғажап емес. Жаман айтпай жақсы жоқ, алайда олар қауіп төндірмейтініне ешкім кепіл берілмейді.


– Менің ойымша, ғаламтор арқылы танысатын уақыттан өтіп кеттік. Қазір адамдардың ниетін іс-әрекеттен ұғатын кез. Заман дамыған сайын оның қаупі де екі еселенуде. Егер бірін бірі сырттай танытын жандар болса, оларға қарапайым өмірде байланысу ыңғайсыздық

тудырса, сол кезде ғана әлеуметтік желіде танысқанның еш әбестігі жоқ. Кейбір адамдар жай ермек үшін ғана желі арқылы танысуға ұсынуы мүмкін, ал жапа шегетін сіз, – дейді қала тұрғыны Досымжан Іскендір.

Психологтардың айтуынша, виртуалды танысу адамның жан дүниесін ұғып бағуға тосқауыл болады. Яғни эмоция шынайы болмайды. Сондай-ақ жұптардың сәтті қосылғанын жоққа шығармайды, алайда бұл үштің біреуіне ғана бұйыратын бақ дейді мамандар. Иә, интернетте танысудың пайдасы да бар, қаупі де зор. Ал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығару сіздің қолыңызда. Виртуалды махаббатқа сенейік пе, сенбейік пе?

Нұршат НЫШАНОВА

ВИРТУАЛДЫ МАХАББАТ: ЖЕЛІДЕГІ СЕЗІМ СИҚЫРЫ



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН
АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7041
Тапсырыс: 179